

ПРОШИН В.М.

ЭЛЕКТР ТЕХНИКА БОЙЫНША ЗЕРТХАНАЛЫҚ- ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСТАР

*Орта кәсіби білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы
білім беру мекемелерінің оқу үрдісінде пайдалануға
арналған оқу құралы ретінде «Федералды мемлекеттік
мекемесі» ұсынған*

*Рецензияның тіркеу нөмірі – 503. 2 шілде 2009 жыл ФММ
«БДФИ»*

8- басылым, стереотипті



Мәскеу
«Академия» баспа орталығы,
2014

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес ««ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды.

Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

Пікір жазғандар:

Мәскеу қаласы № 13 политехникалық колледж ОКББ МББМ-нің жоғарғы санатты оқытушысы *Никольска Р.Г.И.*,

№ 27 КАИР директордың орынбасары, арнайы пәндер оқытушысы *Петров В.П*

Прошин В.М.

П847 Электр техника бойынша зертханалық-тәжірибелік жұмыстар:

орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы/Прошин В.М. — 8-басылым, стереотипті— М. : «АкадемиR» баспа орталығы, 2014. — 208 с.

ISBN 978-601-333-002-0 (каз.) ISBN 978-5-4468-1202-8 (рус.)

Оқу құралы техникалық бағдардағы мамандықтарға арналған жалпы кәсіби білім беру пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешеннің бөлігі болып табылады. «Электротехника» курсы бойынша практикалық пәндер мен зертханалық жұмыстарды жүргізу бойынша нұсқаулықтан тұрады. Жалпы электротехниканың негізгі бөлімдерін қамтитын 20 зертханалық-тәжірибелік жұмыстардың сипаты келтірілген. Жұмыстардың әр тақырыбы бойынша теориялық қысқаша мәліметтер берілген.

Оқу құралы ОКББ ФМББС сәйкес жалпы кәсіби «Электротехника» пәнін оқуда қолданылуы мүмкін.

Орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған.

ӘОЖ 621.3/075.32

КБЖ 31.2R722

Құрметті оқырман!

Аталған оқу құралы техникалық бейіндегі мамандықтарға арналған жалпы кәсіби пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешен бөлігі болып табылады.

Оқулық жалпы кәсіби «Электротехника» пәнін игеруге арналған.

Жаңа буындағы оқу-әдістемелік кешендерге дәстүрлі және инновациондық оқу материалдары жатады, олар жалпы білім беру және жалпы кәсіби пәндер мен кәсіби модульдерді игеруге мүмкіндік береді. Әрбір жиынтық жалпы және кәсіби күзiреттiлiктi игеруге арналған оқулықтар мен оқу құралдарынан, оқу және бақылау құралдарынан, сонымен бiрге жұмыс берушiнiң талаптарынан тұрады.

Оқу баспалары бiлiм берудiң электронды ресурстарымен толықтырылады. Электронды ресурстар интерактивтi жаттығулары, мультимедиялық объектiлерi, қосымша материал сiлтемелерi және ғаламтордағы ресурстары бар теориялық және тәжірибелік модульдерден құралады. Оған терминологиялық сөздік және электронды журнал кіреді, бұл құралдарда оқу үрдісінің негізгі параметрлері бекітіледі: жұмыс уақыты, бақылау және тәжірибелік жұмыстарды орындау нәтижелері. Электронды ресурстар оқу үрдісіне оңай енгізіледі және әртүрлі оқу бағдарламаларына тез бейімделуі мүмкін.

«Электротехника» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен «Электротехникалық емес мамандықтарға арналған электротехника» электронды білім беру ресурсынан тұрады.

«Электротехникалық емес мамандықтарға арналған электротехника» электронды оқулығы дайындау кезеңінде тұр.

Аталған оқу құралы зертханалық-тәжірибелік жұмыстар тізімі бар

«Электротехника» курсы бойынша оқу бағдарламасына сәйкес құрылған. Ол II, III және IV квалификациялық деңгейлердегі электротехникалық және электротехникалық емес мамандықтарды оқудың кез келген түрінде оқушыларға қолданылуы мүмкін (зертханалық-тәжірибелік жұмыстың реттік нөмірінен кейін жақшаларда көрсетілген).

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстардың тақырыбы және мазмұны әдебиеттер тізімінде көрсетілген оқу құралдары және оқулықтарына сәйкес жазылған.

Оқу құралында 20 зертханалық-тәжірибелік жұмыстар сипаттамасы көрсетілген, олар электротехниканың негізгі бөлімдерін қамтиды: тұрақты және ауыспалы бір фазалы және үш фазалы тоқтардың электрлік сызықтық тізбелері; тұрақты тоқтың сызықтық емес электрлік тізбелері; электрлік өлшемдер; өнеркәсіптік электроника негіздері; тұрақты және ауыспалы тоқтың электрлік машиналары. Зертханалық-тәжірибелік жұмыстардың мұндай көлемі оқу сағатының (100) оңтайлы санына, соның ішінде көрсетілген салалық стандарттың қосымша бөлімдеріндегі тақырыптарды игеруге бөлінген сағаттар санына есептелген. Жұмыстар көлемі және олардың квалификациялық деңгейлері бойынша бөлу ұсынылады және оқу бөліміне сәйкес, оқу сағаттары санына, оқу бағдарламасына, оқушылардың дайындығына тәуелді оқытушылармен түрленуі мүмкін.

Әрбір жұмыстың сипатына жұмыс мақсатын көрсету, оны орындау және реттеу тәртібі, зерттеулер мен есептер протоколының формасы, қысқа теориялық мәліметтер және бақылау сұрақтары кіреді.

Оқулық тиісті құрылғының болуымен барлық тақырыптар бойынша зертханада эксперименттік зерттеулерді орындауға, қажетті құрылғының болмауымен жеке тақырыптар бойынша тәжірибелік сабақтарды жүргізуге қолданылады.

Бастауыш және орта кәсіби білім беру мекемелеріне арналған, Мәскеу қаласының Білім беру департаментінің оқу-әдістемелік орталығымен құрылған мамандар комиссиясымен расталған электротехникалық әмбебап стендтерде зертханалық жұмыстарды жүргізу оңтайлы болып табылады.

Осындай стендтермен жинақталған эксперименттік зертхана Зеленоград № 60 политехникалық колледжінің ОКББ МББМ оқу үрдісінде құрылуы және қосылуы мүмкін. Аталған оқулық оқу мекемелерінде, сонымен бірге «Объект және зерттеу құралы» бөлімінде көрсетілген стандартты емес құрылғылардың болуымен қолданылуы мүмкін.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстар теориялық білімдерді тереңдетуге және бекітуге, электрлік сызбалар, электрлік тізбедегі өлшемдер, электротехникалық қондырғылар зерттеуін жүргізу, электрлік тізбелер талдамасы, зерттеулер мен есептер нәтижелерін реттеу бойынша дағдыларды алу үшін қолданылады.

Ұсынылатын зертханалық-тәжірибелік жұмыстар екі сағаттық болып табылады және арнайы зертханада 13-15 қатысушыдан тұратын топшамен орындалады. Қауіпсіздік техникасы тарапынан әрбір стендке екі оқушыны бекіту керек. Мұндай жағдайда зертханада жеті-сегіз стенд болу керек.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстарды орындау үрдісінде оқушылардың танымдық қызметін белсендіру үшін демонстрациялық макеттер, модельдер, плакаттар, электротехникалық элементтері мен құрылғылары бар планшеттер: резисторлар, конденсаторлар, индуктивтілік шарғысы, трансформаторлар, диодтар, транзисторлар, микросызбалар, ауыстырғыштар мен батырмалар, индикаторлар, сымдар мен кабельдер, электрқозғалтқыштары мен генераторлар, электр өлшегіш аспаптар қолданылады.

Зертхананың бірінші сабағында № 1 жұмысты орындамас бұрын, оқушылар белгілі стендтерге бекітілуі керек. Олар қауіпсіздік техникасымен танысуы, зертханадағы қауіпсіздіктің, зертханалық жұмыстарды реттеудің, стендтің конструктивті және электрлік сызбаларының жалпы ережелерімен танысуы, стендті сынама қосып көрулері керек.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстарды орындау және реттеу үшін әрбір оқушының зерттеу протоколдары және барлық жұмыстар бойынша есептері жазылатын жұмыс дәптері, сызғышы, өшіргіш, қаламы және есептегіш калькуляторы болуы керек.

Зерттеу протоколының формасы және есеп формасы әрбір жұмыс сипаттамасында көрсетіледі. Зерттеу протоколының және есептің дайын формасы бар «Электротехника бойынша зертханалық-тәжірибелік жұмыстар» жұмыс дәптерінің оқушыда болуы міндетті болып табылады.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстардың орындалу ережесі.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстар сабақтың оқу кестесіне байланысты график бойынша оқушылармен орындалады.

Зертханалық-тәжірибелік жұмысты орындамаған оқушы екі апталық мерзімде оқытушының рұқсатымен және оқу бөлімінің келісімімен оны кеңес беру күндерінде орындауы керек.

Жұмысты орындауға келесі оқушылар жіберіледі:

- қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өткен оқушылар;

- жұмыс дәптерлерінде аталған оқу құралына сәйкес орындалған кезекті жұмыс бойынша зерттеу протоколдары бар оқушылар;

- жұмыс мақсатымен және жұмысты орындау тәртібімен, сонымен бірге, қолданылатын электрлік сызбамен таныс оқушылар;

- оқу құралы, дәрістер конспектісі, және аталған оқулықтағы IV бөлім бойынша орындалатын жұмысқа қатысты теориялық материалды игерген оқушылар.

Оқушылардың зертханалық-тәжірибелік жұмыстарды орындауы оқытушымен жеке орындалады. Қанағаттанарлық бағасын алған оқушы жұмысты орындауға жіберілмейді.

Зертханалық стендке кернеуді тексерусіз және оқытушы немесе зертханашы келісімінсіз жіберуге КАТЕГОРИЯЛЫҚ ТҮРДЕ РҰҚСАТ БЕРІЛМЕЙДІ!

Аспаптар мен құрылғылардың бұзылуында оқушылардың кінәсі болса, олар материалды жауапкершілікке ие болады.


Жұмыстың аяқталуы кезінде электрлік тізбек бөлшектенеді, стенд тоқтан ажыратылады, сымдар мен аспаптар орнына қойылады.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыс нәтижелері зерттеу протоколына және кестелерге қаламмен енгізіледі және тексеру үшін оқытушыға ұсынылады. Дұрыс емес нәтижелерде зертханалық-тәжірибелік жұмыс қайта жасалуы тиіс.

Жұмыс нәтижелері бойынша әрбір оқушы есепті осы оқулыққа сәйкес дайындайды. Есеп «Электротехника бойынша зертханалық-тәжірибелік жұмыстар» жұмыс дәптерінде сызба құралын пайдалану арқылы дайындық талаптарына сәйкес дайындалады.

Графиктерге және векторлы диаграммаларға өлшенетін шамалар масштабтары және тиісті мәндер енгізіледі.

Екі оқушы бригадасымен есеп және зерттеу протоколын дайындау оқытушыға қалдырылады.



Сурет – В.1. Үстел үстіндегі стенд панелінің жалпы түрі

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстарды қорғауға арналған білімдер минимумы жұмыс соңында бақылау сұрақтарын құрайды.

Зертханалық стендтің сипаты. Жабдықтауға арналған әмбебап электротехникалық стенд келесі тақырыптар бойынша жұмыстар орындауға қолданылады: электрлік және магнитті тізбектер, өнеркәсіптік электроника негіздері, электрлік машиналар.

Оның негізгі бөлігіне үстел үстілік панель (В.1-сурет) жатады, ол жерде электрлік және магнитті тізбекті жинауға арналған, электрлік өлшемдер өткізуге, электрлік машиналарды басқаруға арналған барлық элементтік база орналастырылады.

Электрлік машиналар — асинхронды электр қозғалтқышы және қозғалтқыш немесе генератор режимінде жұмыс істейтін тұрақты ток машинасы - жалпы платформа орналастырылады және жалғағышы бар арнайы кабельдерді басқару тізбектерімен байланысады.

Панельдің жоғарғы жағында Ц4200 түріндегі қалқанды көпшекті өлшеу аспаптары қойылады - 100... 500... 1000 мА өлшеу шектері бар алты миллиамперметр және 30... 150... 300 В өлшеу шектері бар екі вольтметр. Аспаптар екі

түзетуші көпірдің екі диагоналына бөлінеді және тұрақты және ауыспалы тоқты өлшеу үшін қолданылуы мүмкін.

Панельдің ортаңғы және төменгі бөліктерінде электрлік тізбектер және жеке элементтер құрастырылады, олар квалификацияның II, III, IV деңгейлері бойынша 20 зертханалық-тәжірибелік жұмыстар орындауға мүмкіндік береді (жақшада ұсынылатындар ретінде көрсетіледі), сонымен бірге ОСТ 9ПО 03.01—96 қосымша бөлігінде қарастырылады (деңгей нөмірінен кейін жақшада «қос» қосылады).

Стенд жинағына қозғалмалы аспаптар кіреді: мультиметр – 1 дана; ваттметр – 2 дана; электронды милливольтметр – 1 дана; электронды генератор – 1 дана; электронды осциллограф – 1 дана.

Стендтің қоректенуі $U = (36 \pm 3,6)$ В кернеуі бар үшфазалы қорек көзімен жүзеге асырылады. Стендте электронды аспаптарды қосуға арналған 220 В, 50 Гц ауыспалы кернеудегі розеткалар қарастырылады.

0...20 В тұрақты реттелетін кернеу көзінің рөлін стенд құрамына кіретін түзеткіш атқарады.

Жартылай өткізгіш құрылғылардың қоректенуі стенд құрамына кіретін 5 В тұрақты кернеу көзінен орындалады.

Стендпен қабылданатын максималды қуаттылық 200 Вт асады.









Электрлік сызбаларды жинау ережелері. Электрлік сызбаларды жинамас бұрын, оған кіретін барлық элементтерді қағидалы сызбаға сәйкес анықтап алу қажет: резисторлар, конденсаторлар, индуктивтілік катушкасы, өлшеу аспаптары, ажыратқыштар, ауыстырып-қосқыштар, реттеуші элементтер, қорек көздері және т.б. Аспаптарды өлшеу шектерін ауыстырып-қосқыштар зертханалық жұмыс сипатында көрсетілген қалыпта орналастырылуы керек. Әмбебап аспап мультиметрге ерекше назар аудару қажет, онда өлшеу шектерін ауыстырып-қосқыштан басқа «R», «=U», «~U», «=I», «~I» күйіндегі ауыстырып-қосқыш болады. Талап етілетін күй зертханалық жұмыс сипатында да көрсетіледі. Электрлік тізбектерді жинау кезінде келесі ережелерді сақтау қажет: Қорек көзі қысқыштарын жинауды бастау; Ең алдымен кезекті біріктірілген элементтерден тұратын басты тізбекті жинау қажет: резисторлар, индуктивтілік катушкалары, амперметрлер, ваттметрлер тоқтық катушкалары және т.б.

Одан кейін параллель байланысқан элементтерді қосу қажет, соның ішінде вольтметрлер, ваттметрлер кернеуінің катушкалары, осциллограф және т.б.

ЭТ бөлшектеуді қорек көзінен бастау қажет, ол үшін алдымен кернеуді өшіру керек.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстар бойынша есептің графикалық бөлігін дайындау ережелері. Барлық сызбалар, графиктер, кестелер, диаграммалар қалам, циркуль, сызбаулгі, сызғыш сияқты құралдармен орындалады.

Кесте-В.1. Жиі пайдаланылатын электрлік тізбек элементтерінің шартты кескіндері

Атауы	Белгісі	Атауы	Белгісі
Сақтандырғыш плавкий		Гальванический элемент	
Резистор		Конденсатор	
Жартылай өткізгішті Диод		Катушка индуктивтілік	
Стабилитроп		Шам	
Транзистор		Корпус	
Ажыратқыш		Біріктіру разъёмное	
Өлшеу аспабы		Біріктіру неразъёмное	

Сызба элементтері КҚБЖ сәйкес орындалуы керек (кесте-В.1).

Ерекше ескертілген жағдайлардан басқа графиктердегі масштаб біркелі болуы керек. Осьтерде өлшеу кезінде алынған немесе кестелерден алынған сандарды көрсетпеген дұрыс.


Графикте бірнеше тәуелділіктерді кескіндеу үшін бірнеше вертикалды осьтерді құрады (әрқайсын өз масштабымен). Графиктегі қисық сызықтар мұндай жағдайда тиісті түспен немесе нүктелер қою арқылы белгіленеді (***, +++, ... және т.б). Әрбір қисық сызықтың жанына тәуелділік мәні қойылады (сурет-В.2).

Графиктегі қисық сызық бірқалыпты болуы керек. Оны зерттеу нәтижелерінде алынған нүктелер шамамен осы сызықтан бірдей қашықтықта тұратындай етіп сызу қажет. Қисық сызықтан алыс тұрған нүктелер бақылаушының қателігі болып саналады. Оларды графикте ерекше белгілейді, мысалы дөңгелекпен қоршайды (В.2-суретті қараңыз).

Есеп мазмұны. Зертханалық жұмыс бойынша есеп әрбір оқушымен немесе бригадамен зерттеу протоколының деректері бойынша дайындалады және «Электротехника бойынша зертханалық-тәжірибелік жұмыстар» жұмыс дәптеріне жазылады.

Есеп құрамына кіретіндер:

-оқытушымен бекітілген зерттеу протоколы;



Сурет-В.2. Графикті сызу мысалы

-«Есептің есептік-графиктік бөлігіне арналған талапар» бөлімімен қарастырылған графиктік құрылымдар және есептеулер.

Жұмыстар орындаудағы қауіпсіздік техникасы. Электротехника зертханасы қауіптілігі жоғары мекемеге жатады, себебі ол жерде электротехникалық аппаратура және электрлік машиналар болады. Ал олардың барлығы электр энергиясының көздерімен қоректенеді.

Оқушылар жұмыс істейтін негізгі жұмыс кернеуі 36 В болып табылады. Ол адам үшін қауіпсіз, себебі адам денесінің минималды кедергісі - 800 Ом, мұндай кернеудегі максималды ток 50 мА қауіпті шамасынан аспайды. Дегенмен, электронды өлшеу аспаптарының жұмысында қолданылатын 220 В кернеуі қажет болған жағдайда электрлік машиналарды қоректендіру үшін қолданылуы мүмкін, ол адам үшін қауіпті болып табылады. Сондықтан зертханада жұмыс істеу оқушылардан техникалық қауіпсіздікті сақтауды талап етеді

Тек өз жұмыс орнында жұмыс істеуге рұқсат етіледі, зертханада ауысып жүру максималды түрде шектеледі.

Ешқандай жағдайда ажыратылмаған байланыс сымдарын және тізбектегі түйіспелерді қолмен ұстауға болмайды, себебі олар кернеуде болады. Сызбадағы кез келген өзгеріс, сымдарды қайта байланыстыру тоқсызданған ЭТ арқылы орындалуы керек. Барлық өзгерістер мен қайта байланыстыру жұмыстары оқытушымен тексерілуі қажет.

Айналма бөліктен тұратын электрлік машиналар жұмысына ерекше назармен және мұқияттылықпен қарау керек. Машина білігін қолмен тоқтатуға болмайды.

Бірнеше орамдары бар индуктивті катушкадан тұратын ЭТ қауіпті болып табылады. Ажырау орындалған кезде катушка ұштарында электр қозғаушы күші (ЭҚК) ықпалдандырылады. Зертханалық жұмыстарды жүргізбес бұрын оқушылар 1000 В дейінгі электр қондырғыларын пайдалану кезінде еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, электротехника кабинетінде жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау бойынша оқу мекемесіндегі нұсқаулармен танысуы және тиісті журналға қол қоюы керек.

ЭЛЕКТРЛІК МАГНИТТІ ТІЗБЕКТЕР

Зертханалық-тәжірибелік жұмыс № 1 (II, III, IV)

НЕГІЗГІ ЭЛЕКТРОМЕХАНИКАЛЫҚ ӨЛШЕУ АСПАПТАРЫМЕН ЖӘНЕ ЭЛЕКТРЛІК ӨЛШЕУ ӘДІСТЕРІМЕН ТАНЫСУ

1. Жұмыс мақсаты

1.1. Электромеханикалық өлшеу аспаптары туралы алдын ала түсініктерді алу – *амперметр, вольтметр, ваттметр және омметр.*

1.2. Өлшеу аспаптарының негізгі сипаттарын игеру: *бөлу бағасы, номиналды шама, өлшеу қателіктері.*

1.3. *Тоқ, кернеу, қуатты және электр өлшеу аспаптарының көмегімен кедергіні өлшеу әдістерін игеру.*

2. Объект және зерттеу құралдары

Зерттеу құралдарына электромеханикалық аспаптар мен № 1 стендік панельде жиналған электрлік тізбек (ЭТ) элементері жатады (әрбір тақтаның жалпы түрі қосымшада көрсетілген). Резисторлар ретінде 100 Ом номиналды кедергісі бар ПЭВР-10 өзгертпелі резисторлар қолданылады.

Өлшеу аспаптары ретінде қалқанды (миллиамперметр және тұрақты тоқ вольтметрі) және ауыспалы (ваттметр және омметр) аспаптары қолданылады.

3. Зертханалық жұмыс тапсырмасы

3.1. №1 зертханалық жұмыстың орындалу тәртібімен, аталған тақырып бойынша теориялық деректермен (IV бөлімді қараңыз) танысу. Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындау.

3.2. ЭТ 1.1-суретке сәйкес жинау. Жүктеу ретінде стандарттік панельдің

№ 1 тақтасындағы R_I резисторын пайдалану қажет (П.1-қосымшасын қараңыз). ЭТ $U = 0...20$ В тұрақты кернеу көзіне қосыңыз (П.3- қосымшасын қараңыз).

3.3. Сызбаны оқытушығы тексергеннен кейін ЭТ кернеу беру. П.3- суретте көрсетілген тиісті сигналды шам жануы керек.

3.4. Қорек көзінің шығысына $U = 5$ В кернеуін орнатып, амперметр

(I) мен ваттметр (P) көрсеткіштерін түсіру қажет. Иң жүктемесіндегі кернеуді өлшеу. Өлшеу нәтижелерін 1.1-кестеге енгізу. Өлшеуді 10 және 15 В кернеуінде қайталау. Өлшеу нәтижелерін 1.1 -кестеге енгізу.

3.5. ЭТ қорек көзін өшіру.

3.6. 200 Ом диапазонында «Омметр» режиміндегі мультиметр көмегімен RҚ жүктемесіндегі резистор кедергісін өлшеу және нәтижелерді 1.1-кестеге енгізу.

3.7. 1.2-кестені толтыру, оған қолданылатын өлшеу аспапарының негізгі сипаттарын енгізу (омметрдің дәлдік класы - 1)

3.8. Зерттеу протоколын оқытушымен растағаннан кейін, ЭТ бөлшектеп, сымдар мен аспаптарды зертханашыға өткізу, жұмыс орнын қалпына келтіру.

4. Зерттеу протоколы және № 1 жұмыс есебі

Негізгі электромеханикалық өлшеу аспаптарымен және электрлік өлшеу әдістерімен танысу


4.1. Жұмыс мақсаты _____

4.2. Формулалар және алдын-ала жасалған есептер

Тізбек теліміне арналған Ом заңы:

Қуатты анықтауға арналған формула:

4.3. Электрлік тізбек сызбасы және кестелер



Сурет-1.1. Электр өлшеуші аспаптар параметрлерін тексеруге арналған ЭТ сызбасы

Кесте - 1.1

U, В	Өлшенген мәндер				Есептелген мәндер	
	и _ш В	I, мА	P, Вт	R _н , Ом	P, Вт	R _н , Ом
5						
10						
15						

Кесте - 1.2

Аспап	Түрі	Жүйесі	Ток түрі	Дәлдік класы	Бөлу бағасы	Номиналды шама

Топ _____ Оқушы _____ Күні _____

Мұғалім _____

4.4. Есептік-графиктік бөлім

1.3-кестеге енгізілген эксперименттік деректерді өңдеуге арналған формулалар

Кесте - 1.3

$$\Delta A = U_{\text{пр}} \Delta n_{\text{ом}} / 100; y = 100 \Delta A / A_{\text{д}}$$

Параметр		Амперметр	Вольтметр	Ваттметр	Омметр
Дәлдік класы					
ΔA					
У, %, U_{ab} , В кернеуінде	5				
	10				
	15				

4.5. Қысқаша қорытынды _____

Оқушы _____ Оқытушы _____

5. Есептің есептік-графиктік бөліміне қойылатын талаптар

5.1. 1.1-кесте деректеріне сәйкес, кедергі мәндерін және U жеткізу кернеуінің әртүрлі мәндерінде жүктеу қуатын есептеу, деректерді 1.1- кестеге енгізу (соңғы екі бағанаға).

5.2. Өлшеу аспаптарының дәлдік класын анықтай отырып, ΔA өлшемінің абсолютті қателігін және жеткізу кернеуінің үш мәніне арналған қатысты қателікті есептеу. Есептеу мәндерін 1.3 -кестеге енгізу.

5.3. Зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытынды жасау.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Зертханалық жұмыста қолданылатын өлшеу аспаптарының қолданылу мақсатын көрсетіңіз.
2. Электр өлшеу құралдарының негізгі сипаттарын атаңыз.
3. Абсолютті қателік дегеніміз не?
4. Қатысты қателік дегеніміз не?
5. Келтірілген қателік дегеніміз не?
6. Қай амперметр жақсы: шағын немесе сыртқы кедергісі үлкен?
7. Қай вольтметр жақсы: шағын немесе сыртқы кедергісі үлкен?
8. Аспап шкаласында қандай негізгі белгілер болады?
9. Аспаптың алдыңғы панелінде корректор не үшін керек?

Зертханалық-тәжірибелік жұмыс № 2 (II)

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ҚАБЫЛДАУШЫЛАРДЫ ТІЗБЕКТЕЙ ЖАЛҒАУ АРҚЫЛЫ ТҰРАҚТЫ ТОҚТЫҢ СЫЗЫҚТЫҚ ЭЛЕКТРЛІК ТІЗБЕГІ

1. Жұмыс мақсаты

1.1. Тоқ, кернеу, қуат және тұрақты тоқтың электрлік тізбектеріндегі резисторлады тізбектей жалғау арқылы кедергілерді өлшеу әдістерін игеру.

1.2. Эксперименттік және есептік жолмен Ом заңын, Кирхгофтың 2-ережесін және энергияны сақтаудың қосымша заңын тексеру (қуаттылық теңгерімі).

2. Объект және зерттеу құралы

Зерттеу объектісіне стандарттік панельдің №1 тақтасында жиналған тізбектей қосылған резисторлары бар электрлік тізбек жатады (П.1-қосымшасындағы суретті қараңыз).

R_1, R_4, R_6 — 100 Ом номиналды кедергісі бар өзгертпелі ПЭВР-10;

R_5 — 100 Ом номиналды кедергісі бар ауыспалы ППБ-25Г. Бұл

резистордың кедергісі оның қозғалыс қалпына қарай өзгереді және I ток мәнін,

U кернеуінің құлауын, ЭТ-дегі P қуатын анықтайды.

Өлшеу аспаптары ретінде қалқанды (миллиамперметр және тұрақты ток вольтметрі) және ауыспалы (ваттметр және омметр) аспаптары қолданылады.

ЭТ қоректенуі $U = 0...20$ В тұрақты кернеудегі реттелетін қорек көзімен орындалады (П.3-қосымшасындағы суретті қараңыз).

3. Зертханалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезеңінде орындалады:

3.1. № 2 зертханалық жұмысты орындау тәртібімен, аталған тақырып бойынша қысқа теориялық деректермен танысу (IV бөлімді қараңыз). Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындау.

3.2. ЭТ қатысты 2.1-суретте көрсетілген Ом заңына арналған мәндерді, Кирхгоф 2-ережесін және қуаттылық теңгерімін зерттеу протоколына жазу.

Зертханада орындалады

3.3. Токсызданған ЭТ-де R_5 резисторы кедергісінің аралық мәнін орнатыңыз, оның қозғалтқышын белгілі бұрышқа бұрыңыз. Әрбір резистор кедергісін омметр көмегімен өлшеу (200 Ом диапазонындағы «Омметр» режиміндегі мультиметр). Өлшеу деректерін 2.1-кестеге енгізу.

3.4. Істікшелі сымдар көмегімен d және $d1$ нүктелерін байланыстыру. a және b нүктелері арасындағы ЭТ кедергісін өлшеу, нәтижені 2.1-кестеге енгізу.

3.5. ЭТ 2.1 a ,-суретке сәйкес жинау, d — $d1$ жалғастырғышының орнына тұрақты ток миллиамперметрін орнату. Сызбаны оқытушыға тексертеннен кейін ЭТ-не U_{ab} тұрақты кернеуін жіберу. 10.20 В шегінде U_{ab} кез келген мәнді қою және оны 2.1-кестеге енгізу.

3.6. R_5 резисторының кедергісін өзгертпей және U_{ab} жеткізу кернеуін өзгертпей, ЭТ әрбір элементіндегі кернеудің құлауын өлшеу. Нәтижені 2.1- кестеге енгізу.

3.7. 2.1-кестеге ЭТ ток мәнін енгізу.

3.8. осымша тапсырма. R_5 резисторының кедергісін және U_{ab} жеткізу кернеуін өзгертпей, барлық тізбекпен (P_{ab}) және ЭТ-тің әрбір элементімен пайдаланылатын қуатты ваттметр көмегімен өлшеу. Ол үшін ваттметрдің ток катушкасын зерттелетін тармақпен, ал кернеу

катушкасын тармаққа параллельді қосу (2.1, 6-суретті қараңыз). Нәтижені 2.1-кестеге енгізу.

3.9. 2.2-кестені толтыру, оған жұмысты орындау үрдісінде пайдаланылатын өлшеу аспаптарының негізгі сипаттарын енгізу.

3.10. Зерттеу протоколын оқытушымен растағаннан кейін, ЭТ тоқсыздандырыңыз, сымдар мен аспаптарды зертханашыға өткізіп, жұмыс орнын реттеңіз.

4. Зерттеу протоколы және № 2 жұмыс есебі

Электр энергиясын қабылдаушыларды тізбектей жалғау арқылы тұрақты тоқтың сызықтық электрлік тізбегі

4.1. Жұмыс мақсаты _____


4.2. Формула және алдын ала жасалған есеп

Тізбек теліміне арналған Ом заңы:


Кирхгофтың 2-ережесі:.....

Қуаттылық теңгерімі:.....

4.3. Электрлік тізбектер сызбасы және кестелер



a)



Сурет -2.1. Тексеруге арналған тұрақты ток ЭТ сызбасы

: *a* — Ом заңы және Кирхгофтың 2-ережесі, *б* — қуаттылық теңгерімі Кесте-2.1.

Кесте - 2.1

Пример	Участок ЭЦ				
	R_1	R_4	R_5	R_6	$a-d$
R, OM					
U, B					
I, mA					
P, BT					

Кесте - 2.2

Аспап	Түрі	Жүйесі	Ток түрі	Дәлдік класы	Бөлу бағасы

Тобы _____ Оқушы _____ Күні _____

Оқытушы _____

4.4. Есептік-графиктік бөлім

Кесте - 2.3

Мысал	ЭТ телімі				
		*4	*5	*6	$a - b$
I, mA					
$P, \text{Вт}$					

4.5. Қысқаша қорытынды _____

Оқушы _____ Оқытушы _____

5. Практикалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезінде орындалады:

5.1. № 2 зертханалық жұмысты орындау тәртібімен, аталған тақырып бойынша қысқа теориялық деректермен танысу (IV бөлімді қараңыз). Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындау.

5.2. ЭТ қатысты 2.1-суретте көрсетілген Ом заңына арналған мәндерді, Кирхгофтың 2-ережесін және қуаттылық теңгерімін зерттеу протоколына жазу.

Сыныпта орындалады:

5.3. 2.4-кестеде ЭТ кедергісінің мәндері көрсетілген. U_{ab} жеткізу кернеуі оқытушымен беріледі.

Кесте 2.4

$$U_{ab} = \dots \text{ В}$$

Мысал	ЭТ телімі			
	*1	*4	*5	*6
$*, \text{Ом}$	40	60	70	30

Осы деректер негізінде, Ом заңын және Кирхгоф ережесін, қуаттылықты анықтау формуласын пайдалана отырып 2.1-кестенің барлық графасын толтыру (амперметр $R_A = 0$ кедергісін қабылдау).

6. Есептік-графиктік бөлімге қойылатын талаптар

6.1. Өлшеу нәтижесінде алынған R және U мәндерін пайдалана отырып (2.1-кестенің бірінші және екінші жолдары), I тоқ мәнін және ЭТ әрбір теліміндегі P қуатының мәнін есептеу. Деректерді 2.3-кестеге енгізу. Эксперименттік және есептік жолмен алынған ЭТ параметрлерінің мәндерін салыстыру (2.1-кестенің үшінші және төртінші жолдары).

6.2. R кедергісі мәндері және U_{ab} жеткізу кернеуінің негізінде практикалық жұмысты орындауда (2.4-кестені қараңыз) a және b нүктелерінің арасындағы ЭТ кедергісін, I тоқты, U тізбегіндегі кернеудің құлауын, P қуаттылықтың әрбір элементін есептеу. Есептеу нәтижелерін 2.1-кестеге енгізу.

6.3. Энергияны сақтау заңын тексеру, қорек көзімен және ЭТ берілетін қуаттылықты (P_{ab}) есептеу.

6.4. Жұмыс бойынша қысқаша қорытынды жасау.

Бақылау сұрақтары

1. Қандай тоқ тұрақты деп аталады?
2. Қандай бірліктерде тоқ күші, кернеу, қуат, кедергі өлшенеді?
3. Сым кедергісі қандай параметрлермен анықталады?
4. Жұмыс кезінде электрлік аспаптар розеткалары мен ашалары не үшін қызып кетуі мүмкін?
5. Электрлік тізбек дегеніміз не?
6. ЭТ құрамына қандай негізгі құрылғылар кіреді?
7. ЭТ құрамына қандай қосымша құрылғылар кіреді?
8. Электрлік энергия қабылдағыштарының қосылу мысалын көрсетіңіз.
9. Егер шырша гирляндасының бір шамы күйіп кетсе шыршаға не болады?
10. Егер шырша гирляндасының бір шамы тұйықталса, шыршаға не болады?

ТҰРАҚТЫ ТОҚТЫҢ СЫЗЫҚТЫҚ ЕМЕС ЭЛЕКТРЛІК ТІЗБЕКТЕРІ

1. Жұмыс мақсаты

1.1. *Вольт-амперлік сипаттамалар (BAC)* түрлерімен танысу. Сызықтық емес элементтер BAC зерттеу.

1.2. Сызықтық емес электрлік тізбектерді есептеудің графиктік тәсілдерімен танысу. Эксперименттік деректер негізінде графиктер құру әдістерін игеру.

2. Объект және зерттеу құралдары

Зерттеу объектілеріне әртүрлі сызықтық және сызықтық емес элементтерден тұратын электрлік тізбек жатады, ол тұрақты кернеу көзімен қоректенеді.

Барлық элементтер стандарттік панельдің №2 тақтасында құрастырылады (П.2-қосымшасындағы суретті қараңыз) және түйіспелік ұрлар көмегімен және істікше сымдарының көмегімен қосылуы мүмкін.

СимметриРлық BAC $I_{ном} = 24$ В кернеумен және $I_{ном} = 0,12$ А токпен параллель қосылған шамдармен қамтамасыз етіледі.

СимметриРлық емес тұрақты BAC $L_{отр}$ (ПЭВР-10-100) резисторды тізбекті қосу арқылы және Д815 стабилитроны арқылы қамтамасыз етіледі.

BAC басқарылатын тегі коллектор тоғы I_k коллектордағы кернеуге ғана емес, сонымен бірге I_b базасының тоғына тәуелді болатын Т(П605А) транзисторының көмегімен алынуы мүмкін.

Тұрақты ток пен кернеуді өлшеу үшін стендте орналасқан қалқанды аспаптар қолданылады.

3. Зертханалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезеңінде орындалады:

3.1. № 4 зертханалық жұмысының орындалу тәртібімен, аталған тақырып бойынша қысқаша теориялық деректермен танысу (IV бөлімді қараңыз). Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындау.

3.2. Номиналды кернеуі 24 В, ал қуаты 3 Вт жұмыс күйіндегі шамның кедергісін есептеу. Есептеу нәтижесін зерттеу протоколына жазу.

Зертханада орындалады:

3.3. Тоқсызданған ЭТ-де R_5 резисторы кедергісінің аралық мәнін орнатыңыз, оның қозғалтқышын белгілі бұрышқа бұрыңыз. Әрбір резистор кедергісін омметр көмегімен өлшеу («Омметр» режиміндегі мультиметр). Өлшеу деректерін 3.1-кестеге енгізу.

3.4. Істікшелі сымдар көмегімен c және $c1$ нүктелерін, d және $d1$ нүктелерін байланыстыру, a және b нүктелері арасындағы ЭТ кедергісін өлшеу, нәтижені 3.1-кестеге енгізу.

3.5. ЭТ-ні 3.1-суретке сәйкес жинау, $c-c1$ және $d-d1$ жалғастырғыштарының орнына тұрақты тоқ миллиамперметрлерін орнатыңыз. Оқытушымен сызбаны тексергеннен кейін ЭТ тұрақты кернеуді жіберіңіз, 10...20 В шектерінде оның мәнін орнатыңыз. U_{ab} мәнін 3.1-кестеге енгізіңіз.

3.6. R_5 резисторының кедергісін өзгертпей және U_{ab} жеткізу кернеуін өзгертпей, ЭТ әрбір элементіндегі кернеудің құлауын өлшеу. Нәтижені 3.1-кестеге енгізу.

3.7. 3.1-кестесіне ЭТ барлық тармақтарындағы тоқ мәнін енгізу.

3.8. 3.2-кестесін толтыру, оған жұмысты орындау үрдісінде қолданылатын өлшеу аспаптарының негізгі сипаттарын енгізу.

3.9. Зерттеу протоколын оқытушымен растағаннан кейін, ЭТ тоқсындандырып, сымдар мен аспаптарды зертханашыға өткізіңіз, жұмыс орнын қалпына келтіріңіз.

4. Зерттеу протоколы және № 3 жұмыс есебі

Тұрақты тоқтың сызықтық емес электрлік тізбектері

4.1. Жұмыс мақсаты _____

4.2. Формула және алдын-ала жасалған есептер


Тізбек теліміне арналған Ом заңы:

Кирхгофтың 1-ережесі:

Кирхгофтың 2-ережесі:

Қуаттылық теңгерімі:.....

4.3. Электрлік тізбек сызбасы және кесте



Сурет-3.1. Кирхгофтың 1-ережесін тексеруге арналған ЭТ сызбасы

Кесте – 3.1.

Мысал	ЭТ телімі						
	R_1	R_2	R_3	R_4	R_5	R_6	$a - b$
$R, \text{ Ом}$							
$U, \text{ В}$							
$I, \text{ мА}$							
$P, \text{ Вт}$							

Кесте - 3.2

Аспап	Түрі	Жүйесі	Ток түрі	Дәлдік класы	Бөлу бағасы	Номиналды шама

Тобы _____ Оқушы _____ Күні _____

Оқытушы _____

4.4. Есептік-графиктік бөлім

Кесте - 3.3

Мысал	ЭТ телімі						
	R_1	R_2	R_3	R_4	R_5	R_6	$a — b$
I, mA							
$P, \text{Вт}$							

4.5. Қысқаша қорытынды

Оқушы _____

Оқытушы _____

5. Практикалық жұмыс тапсырмасы

Жұмыс а дайынды кезе інде орындалады:

5.1. №4 зертханалық жұмысының орындалу тәртібімен, аталған тақырып бойынша қысқаша теориялық деректермен танысу. Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындау.

5.2. Номиналды кернеуі 24 В, ал қуаты 3 Вт жұмыс күйіндегі шамның кедергісін есептеу. Есептеу нәтижесін зерттеу протоколына жазу.

Сыныпта орындалады:

5.3. 3.4-кестеде ЭЦ кедергісінің мәні көрсетілген. U_{ab} жеткізу кернеуі оқытушымен беріледі.

Кесте - 3.4

$$U_{ab} = \dots V$$

Мысал	ЭТ телімі					
	R1	R2	R3	R4	R5	R6
R, Ом	40	45	55	60	70	30

Осы деректер негізінде, Ом заңын және Кирхгоф ережесін, қуатты анықтау формуласын пайдаланып 3.1-кестенің барлық графасын толтыру ($R_A = 0$ амперметр кедергісін қабылдау).

6. Есептің графиттік-есептік бөліміне арналған талаптар

- 6.1. Өлшеу нәтижесінде алынған R және U мәндерін пайдалана отырып (3.1-кестенің бірінші және екінші жолдары), I тоқ мәнін және ЭТ әрбір теліміндегі P қуатының мәнін есептеу. Деректерді 3.3- кестеге енгізу. Эксперименттік және есептік жолмен алынған ЭТ параметрлерінің мәндерін салыстыру (3.1-кестенің үшінші және төртінші жолдары).
- 6.2. R кедергісі мәндері және U_{ab} жеткізу кернеуінің негізінде практикалық жұмысты орындауда (3.4-кестені қараңыз) a және b нүктелерінің арасындағы ЭТ кедергісін, I тоқты, U тізбегіндегі кернеудің құлауын, P қуаттылықтың әрбір элементін есептеу. Есептеу нәтижелерін 3.1-кестеге енгізу.
- 6.3. Энергияны сақтау заңын тексеру, (P_{ab}) корек көзімен және ЭТ берілетін қуатты есептеу.
- 6.4. Жұмыс бойынша қысқаша қорытынды жасау.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Электрлік тізбек дегеніміз не?

2. Ом заңын жазыңыз және тұжырымдаңыз.
3. Кирхгофтың 1 және 2-ережелерін жазыңыз, тұжырымдаңыз.
4. Амперметр, вольтметр, ваттметрлердің негізгі сипаттамаларын, және қолданылу мақсаттарын көрсетіңіз.
5. Кедергілерді өлшеудің негізгі түрлерін атаңыз.
6. Омметрмен кедергіні өлшеу неге негізделеді?

Зертханалық-тәжірибелік жұмыс № 4 (IV)

ТҰРАҚТЫ ТОҚТЫҢ СЫЗЫҚТЫҚ ЕМЕС ЭЛЕКТРЛІК ТІЗБЕКТЕРІ

1. Жұмыс мақсаты

- 1.1. *Вольт-амперлік сипаттамалар (BAC)* түрлерімен танысу.
- 1.2. Сызықтық емес элементтер BAC зерттеу.
- 1.3. Сызықтық емес электрлік тізбектерді есептеудің графиктік тәсілдерімен танысу.
- 1.4. Эксперименттік деректер негізінде графиктер құру әдістерін игеру.

2. Объект және зерттеу құралдары

Зерттеу объектілеріне әртүрлі сызықтық және сызықтық емес элементтерден тұратын электрлік тізбек жатады, ол тұрақты кернеу көзімен қоректенеді.

Барлық элементтер стендтік панельдің №2 тақтасында құрастырылады (П.2-қосымшасындағы суретті қараңыз) және түйіспелік ұрлар көмегімен және істікше сымдарының көмегімен қосылуы мүмкін.

Симметриялық BAC $I_{ном} = 24$ В кернеумен және $I_{ном} = 0,12$ А токпен параллель қосылған шамдармен қамтамасыз етіледі.

Симметриялық емес тұрақты BAC Логр (ПЭВР-10-100) резисторды тізбекті қосу арқылы және Д815 стабилитроны арқылы қамтамасыз етіледі.

BAC басқарылатын тегі коллектор тоғы I_K коллектордағы кернеуге ғана емес, сонымен бірге I_b базасының тоғына тәуелді болатын Т(П605А) транзисторының көмегімен алынуы мүмкін.

Тұрақты ток пен кернеуді өлшеу үшін стендте орналасқан қалқанды аспаптар қолданылады.

3. Зертханалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезеңінде орындалады:

3.1. № 4 зертханалық жұмысының орындалу тәртібімен, аталған тақырып бойынша қысқаша теориялық деректермен танысу (IV бөлімді қараңыз). Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындау.

3.2. Номиналды кернеуі 24 В, ал қуаты 3 Вт жұмыс күйіндегі шамның кедергісін есептеу. Есептеу нәтижесін зерттеу протоколына жазу.

Зертханада орындалады:

3.3. ЭТ 4.1-суретке сәйкес электрлік шамдармен жинау, оны $U = 0...20$ В тұрақты кернеудегі реттелетін қорек көзіне қосу (П.3-қосымшасындағы суретті қараңыз).

3.4. Кернеудің оң мәндерінде және теріс мәндерде параллель байланысқан шамдардың ВАС алу (істікшелерді қорек көзі орнымен ауыстыру). Ол үшін 4.1-кестеде көрсетілген кернеу мәндерін кезекпен орналастырып, амперметр көрсеткішін алу.

3.5. Деректерді 4.1-кестеге енгізу. ЭТ-ті Д стабилитронымен және Логр резисторымен 4.2-суретке сәйкес жинау және кернеудің оң және теріс мәндерінде ВАС алу. Деректерді 4.2-кестеге енгізу. Логр (4.3-сурет) резисторының ВАС алып, деректерді 4.3- кестеге енгізу.

3.6. ЭТ-ті 4.4-суретке сәйкес жинау және ($1_{61}, 1_{62}, 1_{63}$) базасы тоғының үш бекітілген мәндері үшін Т транзисторының ВАС-ын қорек көзі қоректілігінің сызбасына сәйкес алу. Деректерді 4.4-кестеге енгізу.

3.7. Зерттеу протоколын оқытушымен растағаннан кейін, ЭТ тоқсыздандырып, сымдар мен аспаптарды зертханашыға өткізу, жұмыс орнын ретке келтіру.


4. Зерттеу протоколы және № 4 жұмыс есебі

Тұрақты тоқтың сызықтық емес электрлік тізбектері

4.1. Жұмыс мақсаты _____

4.2. Формулалар және алдын ала жасалған есеп
Жұмыс күйіндегі шамның кедергісі: $R_A = ...$


4.3. Электрлік тізбектер сызбасы мен кестелер



Сурет-4.1 Балқу шамының ВАС алуға арналған ЭТ сызбасы

Кесте-4.1


$\pm U, \text{ В}$	0	1	2	5	10	15	20
$I, \text{ мА}$							
$-I, \text{ мА}$							



Сурет-4.2. Стабилитронның ВАС алуға арналған ЭТ сызбасы

Кесте-4.2


$\pm U, \text{ В}$	0	1	2	5	10	15	20
$I, \text{ мА}$							
$-I, \text{ мА}$							



Сурет-4.3. Резистордың ВАС алуға арналған ЭТ сызбасы

Кесте-4.3

$\pm U, \text{ В}$	0	1	2	5	10	15	20
$I, \text{ мА}$							
$-I, \text{ мА}$							



Сурет-4.4. Транзистордың ВАС алуға арналған ЭТ сызбасы


Кесте-4.4

$\pm U, \text{ В}$		0	1	2	5	10	15	20
$I_{\text{к}}, \text{ мА},$ при токе базы	$I_{\text{б1}}$							
	$I_{\text{б2}}$							
	$I_{\text{б3}}$							


Тобы _____ Оқушы _____ Күні _____

Оқытушы _____

4.4. Есептік-графиктік бөлім




Сурет-4.5. Балқу шамының, стабилитронның, резистордың ВАС



Сурет -4.6. Транзистордың ВАС

Осымша тапсырма. Кесте -4.5

I, mA	80	60	40	20	0	-20	-40	-60	-80
$R_{\text{д}}, \text{Ом}$									
$R_{\text{огр}}, \text{Ом}$									



Сурет 4.7. Балқу шамы ($R_{\text{л}}$) және резистор ($R_{\text{огр}}$) кедергісінің токқа тәуелділігі

4.5. Қысқаша қорытынды _____

Оқушы _____ Оқытушы _____

5. Практикалық жұмыс тапсырмасы

Жұмыс айдайынды кезеінде орындалады:

5.1. №4 зертханалық жұмысының орындалу тәртібімен, аталған тақырып бойынша қысқаша теориялық деректермен танысу. Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындау.

5.2. Номиналды кернеуі 24 В, ал қуаты 3 Вт жұмыс күйіндегі шамның кедергісін есептеу. Есептеу нәтижесін зерттеу протоколына жазу.

Сыныпта орындалады:

5.3. 4.7, 4.8-кестелерде 4.1, 4.2, 4.4-суретте көрсетілген электрлік

Кесте - 4.6

$\pm U, \text{ В}$	0	1	2	3	5	10	20
$I, \text{ мА}$	0	30	60	90	120	160	190
$-I, \text{ мА}$	0	30	60	90	120	160	190

Кесте - 4.7

$\pm U, \text{ В}$	0	5	10	15	20	25	30
$I, \text{ мА}$	0	5	18	28	37	47	57
$-I, \text{ мА}$	0	0	0	9	19	29	38

Ескерт у . Нәтижелер $L_{\text{ор}} = 500 \text{ Ом}$ шартында алынды.

Кесте - 4.8

$U, \text{ В}$		0	1	2	5	10	15	20
$I_K, \text{ мА, база тоғында}$	I_{61}	0	30	47	52	55	57	59
	I_{62}	0	60	75	80	85	89	93
	I_{63}	0	90	105	120	130	137	142

Келтірілген кестелер негізінде практикалық жұмыс туралы есепті дайындау.

6. Есептің есептік-графиктің бөліміне арналған талаптар

6.1. Зертханалық жұмыс үрдісінде алынған 4.1, 4.2 және 4.3-кестесінің деректеріне сәйкес, (немесе практикалық жұмыстағы 4.6 және 4.7 кестеге сәйкес) 4.5-суреттің $I(U)$ тәуелділік координатасын бір жүйеде құру.

6.2. Сол жерде бір шам мен стабилитронның ВАС есептеу жән құру.

6.3. Зертханалық жұмыс үрдісінде алынған 4.4-кестесінің деректеріне сәйкес (немесе практикалық жұмыстағы 4.8 кестесі) 4.6-суретте $I_K(U)$

транзисторының ВАС-ын $I_{\delta} = \text{const}$ шартында құру.

6.4. осымша тапсырма. Тоқтың әртүрлі мәндерінде (4.5 кестенің бірінші жолы) шам кедергісін есептеу (R_J және ($R_{\text{отр}}$) резисторының). Деректерді 4.5-кестенің екінші және үшінші жолдарына енгізу. Есептеу нәтижелері бойынша 4.7-суретте шам мен резисторға арналған R тәуелділігін құру.

6.5. Жұмыс бойынша қысқаша қорытынды жасау.

Бақылау сұрақтары

1. Қандай тәуелділік электрлік тізбектердің сызықтық және сызықтық емес екендігін анықтайды?
2. Балқу лампының кедергісі оған берілетін кернеудің өзгеру шартында қалай өзгереді?
3. Неге электрлік шам үшін қосу режимі қауіпті болып келеді?
4. Сызықтық емес элементтердің негізгі ВАС-ның түрлерін атаңыз.
5. Сызықтық емес тізбектерді талдаудың негізгі әдістерін көрсетіңіз.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыс № 5 (II, III, IV)

СИНУСОИДАЛЫҚ ТОҚ ЖӘНЕ КЕРНЕУДЕ КОНДЕНСАТОР МЕН ИНДУКТИВТІЛІК КАТУШКАСЫН ТІЗБЕКТІ ЖАЛҒАУ

1. Жұмыс мақсаты

1.1. Белсенді кедергі және катушканың индуктивтілік ықпалын, сонымен бірге электрлік тізбектегі (ЭТ) конденстор сыйымдылығын, элементтердегі кернеу мен қуатты анықтау.

1.2. *Кернеулер резонансы* құбылысын анықтау.

1.3. *Векторлы диаграммалар* көмегімен ЭТ талдау әдістерімен танысу.

2. Объект және зерттеу құралы

Зерттеу объектісіне C сыйымдылығындағы конденсатордан және R_K кедергідегі және L_K индуктивтіліктегі индуктивтілік катушкасынан

тұратын ЭТ жатады.

ЭТ 50 Гц өнеркәсіптік жиіліктегі синусоидалды кернеумен қоректенеді.

Индуктивтілік катушкасы ретінде 15 Ом белсенді кедергісі және 0,65 Гн индуктивтілігі бар дроссель (кедергі) қолданылады. Конденсатор сыйымдылығы 1 ден 29 мкФ дейін тиісті ажыратқыштар көмегімен өзгеруі мүмкін (П4.1).

Барлық элементтер стендтік панельдің №4 тақтасында жиналады (П.4-қосымшадағы суретті қараңыз) және түйіспе ұрлары мен істікше сымдарының көмегімен қосылуы мүмкін. Конденсатор сыйымдылығының C өзгеруі П4.1-ажыратқышының көмегімен жүзеге асырылады, ол жеті батырмадан тұрады. «Л» батырмасын басу (л 1-7 дейін өзгеруі мүмкін) жалпы сыйымдылығы $C_1 + C_2 + \dots + C_{n-1}$ конденсаторларына параллельді қосуға мүмкіндік береді, C_n сыйымдылығындағы конденсатор аталған батырмаға сәйкес келеді.

Өлшеу аспаптары қосылған ЭТ сызбасы 5.1-суретте келтірілген.

Өлшеу аспаптары ретінде келесілер қолданылады:

ЭТ толық тоқты өлшеуге арналған ауыспалы ток миллиамперметр; ЭТ белсенді қуатын өлшеуге арналған ваттметр;

ЭТ элементтеріндегі кернеу мен жеткізу кернеуін өлшеуге арналған ауыспалы ток вольтметрі.

ЭТ қоректендіру үшін $U_n = 20$ В фазалық кернеуі қолданылады, ол 3~50 Гц, 36 В үш фазалы қорек көзінің А және N қысымынан алынады (П қосымшасындағы суретті қараңыз).

3. Зертханалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезеңінде орындалады:

3.1. № 5 зертханалық жұмысының орындалу тәртібімен, ауыспалы токтағы электрлік тізбектер бойынша қысқаша теориялық деректермен танысу (IV бөлімді қараңыз). Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындау.

3.2. Кернеу резонансы шартын жазу. $U = 20$ В, $f = 50$ Гц шартында ЭТ күтілетін ток және кернеу мәндерін есептеу (R_R және L_R мәндері 5.4-кестенің әрбір нұсқасы үшін келтірілген).

Резонанс кезіндегі күтілетін мәндерді есептеу, есептеу нәтижелерін зерттеу протоколына енгізу.

Зертханада орындалады:

3.3. 5.1-суретке сәйкес ЭТ жинау. Шектерді ауыстырып-қосқыш көмегімен өлшеу аспаптарының *ең үлкен* номиналды шамасын орнату. Барлық конденсаторларды сөндіру қажет (батырмалар өшірілген).

4.Сызбаны оқытушыға тексерткеннен кейін, қорек көзін беру. П.3- суретінде көрсетілген тиісті сигналды шамдар жануы керек.

3.4 .П4.1 ауыстырып-қосқышымен сыйымдылық арта бастайды, оны тізбектегі тоқ *ең үлкен* болатындай етіп орнату (кернеу резонансы режимі). Срез сыйымдылық мәнін және барлық аспап көрсеткіштерін 5.1-кестенің тиісті графаларына енгізу. Сыйымдылық мәнін Срез –ден үлкен және шағын жақтарға өзгерту арқылы, барлық аспап көрсеткіштерін сыйымдылықтың алты мәні үшін түсіру. Деректерді 5.1-кестеге енгізу.

3.5 6.ЭТ қорек көзін сөндіру, П4.1ауыстырып-қосқышын бастапқы қалпына орнату.

5.2-кестеге зертханалық жұмыста қолданылатын өлшеу аспаптарының негізгі сипаттамаларын енгізу.

3.6 8.Алынған эксперименттік деректер негізінде 5.2-суретте $I(C)$, $u_K(C)$, $U_C(C)$ тәуелділіктерін құру.

3.7 9.Зерттеу протоколын оқытушымен растағаннан кейін, ЭТ тоқсыздандырып, аспаптар мен сымдарды зертханаға өткізу, жұмыс орнын қалпына келтіру.

4. Зерттеу протоколы және № 5 жұмыс есебі

Синусоидалды тоқ пен кернеуде конденсатор мен индуктивтілік катушкасын тізбекті жалғау

4.1. Жұмыс мақсаты_____

4.2. Формулалар мен алдын-ала жасалған есептер

Нұсқа № ... : $R_K = \dots$; $B_K = \dots$; $U = \dots$.

Кернеу резонансының шарты:.....


$I_{\text{рез}}$ резонансындағы ток =

$C_{\text{рез}} \gg 10/1_{\text{к}}$ резонансындағы сыйымдылық =

Резонанс кезіндегі элементтердегі кернеу:

$$U_R = \dots; U_L = \dots; U_C = \dots$$

4.3. Электрлік тізбек сызбасы және кестелер




Сурет -5.1. Кернеу резонансын игеруге арналған ЭТ сызбасы

Кесте - 5.1

C, мкФ	U, В	I, мА	U _к , В	U _с , В	P, Вт
C =					

Кесте - 5.2

Аспап	Түрі	Жүйесі	Ток түрі	Дәлдік класы	Бөлу бағасы	Номиналды шама



Сурет-5.2. Индуктивтілік катушкасы мен конденсатордың ЭТ-тегі ток пен кернеу және конденсатор сыйымдылығына тәуелділігі

Тобы _____ Оқышы _____ Күні _____
Оқытушы _____

4.4. Есептік-графиктік бөлім

5.1 және 5.3-кестелерге енгізілген эксперименттік деректерді өңдеуде қолданылатын формулалар:

Ом Заңы: $Z = U/I$; $Z_R = R$; $X_C = U_C/I$.

Кирхгофтың екінші заңы: $U = U_R + U_L + U_C$.

Кедергілер үшбұрышы:


$$Z^2 = R^2 + (X_L - X_C)^2; Z_R = R$$

$$X_L = \omega L = 2\pi f R; X_C = 1/(\omega C) = 1/(2\pi f C); P = I^2 R$$

Кесте - 5.3


$R_k = \dots$ Ом

C, мкФ	Z, Ом	X _C , Ом	X _L , Ом	Z, Ом



Сурет-5.3. ЭТ толық және реактивті кедергілердің сыйымдылыққа тәуелділігі

$$m_v = \dots \text{ В/мм}$$



Сурет-5.4. Индуктивтілік катушкасы мен конденсаторды тізбекті қосумен ЭТ-тегі кернеулердің векторлы диаграммасы

4.5. Қысқаша қорытынды _____

Оқушы _____ Оқытушы _____

5. Практикалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезінде орындалады

5.1. № 5 зертханалық жұмысты орындау тәртібімен, аталған тақырып бойынша қысқаша деректермен танысу. Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындау.

$\delta_{в.р} = \dots \text{ м}$ $I = \dots \text{ А}$;

$F_{эм} = 0,5 (Iw / \delta_{в.р})^2 \mu_0 S_{в.р} = \dots$

4.3. Магнитті және электрлік тізбек сызбасы, кестелер



Сурет -11.1 . Түйісті іргіш тің электрлік және магнитті сызбасы
 1 — цилиндрлік серіппе; 2 — орама; 3 — зәкір; 4 — итергіш; 5 — ось; 6 — жылжымалы түйіспе; 7 — жылжымайтын білік



Сурет-11.2. Тұрақты токта электромагнитті құрылғыны зерттеуге арналған ЭТ сызбасы

Кесте - 11.2

Тәжірибе №	1	2	3	4	5	6
$\delta_{в.р.}$, мм						
$I_{ср}$, мА						

Кесте - 11.3

Кернеулік, А/м		100	200	300	400	600	1000	2 000	3 000	5 000
Магниттік индукция R, Тл	Э310	1,00	1,25	1,33	1,37	1,44	1,52	1,60	1,65	1,67
	Э42	0,43	0,70	0,85	0,96	1,12	1,25	1,38	1,42	1,44

Тобы _____ Оқушы _____ Күні _____

Оқытушы _____

4.5. Жұмыс мақсаты _____

Оқушы _____ Оқытушы _____

5. Практикалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезеңінде орындалады:

5.1. №11 зертханалық жұмысты орындау тәртібімен және аталған тақырып бойынша қысқаша теориялық деректермен танысу. Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындау.

5.2. Алғашқы жуықтауда түйістіргішпен берілетін электромагнитті күш мәнін $R_{эм}$ есептеу. Бұл жердегі ауа саңылауының ұзындығы $\delta_{в.р}$, ал тоқ мәні I 11.1-кестеде көрсетілген, ал айналым саны $w = 1\ 000$ және ауа жұмыс саңылауының қиысу ауданы $S_{в.р} = 80\text{ мм}^2$. Нәтижелерді зерттеу протоколына енгізу.

Сыныпта орындалады:

Серіппенің қарсы әрекет етуші күшін игеруге жеткілікті электромагнитті күшті құру үшін, 11.5-кестеде көрсетілген Φ магнитті ағынын алу керек.

Кесте-11.5

Нұсқа №	1	2	3	4	5	6	7	8
$\Phi, 10^{-5}\text{ Вб}$	3	3,2	3,3	3,35	1,2	1,3	1,4	1,44
Магнит өткізгіштің	Электротехникалық болат Э310				Электротехникалық болат Э42			

Жұмыс ($I_{w_{в.р}}$) және технологиялық ($I_{w_{в.т}}$) ауа саңылауындағы магниттеуші күшті есептеу (магнит өткізгіштің (I_{w_H}) темірінде және I_w жиынтық магниттеуші күшті). Нәтижелерді 11.4 кестеге енгізу.

4.4 бөлімде көрсетілген есептеуде түйістіргіштің негізгі құрылымдық сипаттамаларын және ферромагнитті материалдың магнитті сипаттамаларын қолдану (кесте-11.3).

6. Есептің есептік-графиктік бөліміне арналған талаптар

6.1. Зертханалық зерттеулер (11.2-кестені қараңыз) және практикалық жұмыстар (11.5-кестені қараңыз) деректеріне сәйкес, түйістіргіш және ферромагнитті материал сипаттамаларымен Φ магнитті ағын мәнін, жұмыс ($I_{w_{в.р}}$) және технологиRлық ($I_{w_{в.т}}$) ауа саңылауындағы магниттеуші күшті, магнитті өткізгіш теміріндегі магниттеуші күшті (I_{w_m}) және жиынтық магниттеуші күшті I_w есептеу. Магнитті ағындардың шашырауын есептеу кезінде ескермеу. Нәтижелерді 11.4-кестеге енгізу.

6.2. Алынған нәтижелер негізінде 11.3-суретте ауа жұмыс саңылауының $\delta_{в.р}$ ұзындығынан $l_{ср}$, Φ , I_{w_m} тәуелділіктерін құру.

6.3. Зертханалық-тәжірибелік жұмыс нәтижелері бойынша қысқаша қорытынды жасау.

Бақылау жұмыстары:

1. Магниттік тізбекті, олардың өлшемділігін сипаттаушы негізгі параметрлерін атаңыз.
2. Электромагниттердің магнит өткізгіштерін неге магниттік жұмсақ материалдан жасайды?
3. Магниттік ағын ауа бойынша тұйықталуы мүмкін бе?
4. Ауа телімінің магнитті кедергісіне арналған мәнді жазыңыз.
5. Қандай шарттарда магнитті тізбек сызықтық емес болады?
6. Магниттік тізбек есебінің дәлдігі неге үлкен емес?
7. Магнитті тізбектің жылжымалы элементінде әрекет ететін электромагнитті күш қандай параметрлерге тәуелді болады?
8. Егер магнитті ағын 2 есе артатын болса, электромагнитті күші қалай өзгереді?

Зертханалық-тәжірибелік жұмыс № 12 (III)

АУЫСПАЛЫ ТОҚТАҒЫ МАГНИТТІ ТІЗБЕК

1. Жұмыс мақсаты

- 1.1. Өзара индукциR құбылысын тәжірибелік жолмен тексеру.
- 1.2. Гистерезис тұзағын және оның ауа саңылауына әсерін зерттеу.

2. Объект және зерттеу құралы

Зерттеу объектісіне КМ- 50Д-В түйістіргішінің магниттік тізбегі жатады, ол басқару объектілерін қашықтықтан қосу үшін қолданылады және стендтік панельдің №5 тақтасында жинақталады (П.5- қосымшасындағы суретті қараңыз). 12.1-суретте келтірілген магнитті тізбек сызбасына жылжымайтын білік 7, зәкір 3, ауа технологиRлық саңылауы *дв.р* (зәкірдің еркін қозғалуына мүмкіндік береді), ал зәкір катушка қаңқасын 2 орауды орындайды. Ауа жұмыс саңылауы зонасына 1 цилиндрлік серіппе орналастырылады, ол катушкадан кернеуді алғаннан кейін, зәкірді бастапқы қалпына келтіреді.

Катушка қаңқасында екі орама болады – түйістіргіш жұмысын қамтамасыз ететін негізгі және өзара индукциR құбылыстары мен түйістіргіштің магнит өткізгішінің магнитті сипаттамаларын зерттеуге арналған қосымша орама.

Ауыспалы кернеумен жұмыс орамасына тіркелген ауыспалы магнитті ағын қосымша орама айналымын кесіп өтеді. Өзара индукциR құбылысына байланысты оған ЭҚК кіреді, ол магниттік ағын өзгерісінің жылдамдығына және магниттік ағынмен тіркелген айналымдар санына пропорционал болып табылады. Егер жұмыс орамасына тұрақты кернеу жіберетін болса, онда магниттік ағын да тұрақты болады. Мұндай жағдайда қосымша орамада ЭҚК нөлге тең болады.

3. Зертханалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезеңінде орындалады:

3.1. № 12 зертханалық жұмысты орындау тәртібімен, аталған тақырып бойынша қысқаша теориRлық деректермен танысу (IV бөлімді қараңыз). Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындаңыз.

3.2. 12.1-кесте деректеріне сәйкес, өз нұсқаңыз үшін $\Phi^{^^}$ магнитті ағынының максималды мәнін және қосымша орамада индукциRланатын ЭҚК $E_{доп}$ күтілетін мәнін есептеңіз, егер қоректендіру кернеуінің жиілігі:

а) $f = 0$ Гц;

б) $f = 50$ Гц тең болса.

Нәтижелерді зерттеу протоколына енгізу.

Кесте-12.1

Нұсқа №	1	2	3	4	5	6	7	8
$U_{\text{раб}}, \text{В}$	127	36	220	380	127	220	36	220
$W_{\text{раб}}$	500	1 000	400	300	400	300	750	200
$W_{\text{доп}}$	50	200	40	50	80	30	150	40

Зертханада орындалады:

3.3. ЭТ 12.2-суретке сай жинау, жұмыс орамасын $U = 20 \text{ В}$ тұрақты кернеу көзіне қосу. «Рет. Iw» тұтқасын сағат тілі бойынша шеткі қалыпта орналастыру (тоқтың минималды мәніне сәкес келеді). Сызбаны оқытушыға тексертеннен кейін, стендтің қорек көзін қосу керек. П.3 қосымшасындағы суретте көрсетілгендей, тиісті сигналды шамдар жануы керек.

3.4. Жұмыс орамасында тоқ бар екендігіне көз жеткізу және қосымша орамадағы кернеуді өлшеу. Нәтижелерді зерттеу протоколына енгізу.

3.5. Жұмыс орамасына үшфазалы қорек көзінің А және В қысымынан ауыспалы кернеуді беру. Жұмыс орамасында тоқ бар екендігіне көз жеткізу және қосымша орамадағы кернеуді қайта өлшеу. Нәтижелерді зерттеу протоколына енгізу.

3.6. Зертханашының көмегімен осциллографты қосу және қыздырғаннан кейін 5 минут ішінде экранда магниттеу қисығының $B(H)$ тұрақты кескінін шығару.

Катушкадағы токты біртіндеп арттырып, түйістіргішті іске қосу. Бұл шамның жанғанын куәландырады. Ауа саңылауы $\Delta v.p = 0$ құрайды. Іске қосу тоғының мәнін белгілеу $I_{\text{ср}}$. Тоқ мәнін $I = 0,8 I_{\text{ср}}$ орнату және осциллограф экранындағы $B(H)$ қисық кескінін ретке келтіру. Оны көшірме көмегімен 12.3- суретке ауыстыру.

3.7. Түйістіргіштің жұмыс орамасындағы қорек көзін сөндіру. Зәкір бастапқы қалпына оралады және ауа саңылауы максималды болады. Бұны сигналды шамның өшуінен байқауға болады. «Рет. Iw» тұтқасының қалпын өзгертпей, жұмыс орамасына қорек көзін беру және $B(H)$ қисық кескінін осциллограф экранынан 12.3-суретке ауыстыру.

3.8. Өлшеу нәтижелерін оқытушымен растағаннан кейін, қорек көзін сөндіру және сызбаны тарату.

4. Зерттеу протоколы және № 12 жұмыс есебі

Ауыспалы тоқтағы магнитті тізбектер

4.1. Жұмыс мақсаты _____

4.2. Электронды аспаптардың құрылымдық сызбасы және кестелер


4.3. Формулалар, алдын ала жасалған есеп

Нұсқа № ... : $W_{\text{раб}} = \dots$; $W_{\text{доп}} = \dots$.

а) $f = 0$ Гц, $E_{\text{доп}} = \dots$ В;


б) $f = 50$ Гц, $E_{\text{доп}} = \dots$ В; $\Phi_{\text{тах}} = \dots$ Вб.

4.4. Магниттік және электрлік тізбек сызбасы мен кестелер




Сурет-1 2.1. Түйістіргіштегі магниттік және ЭТ сызбасы

I — цилиндрлік серіппе; 2 — орамалар; 3 — зәкір; 4 — итергіш; 5 — ось; 6 — жылжымалы түйіспе; 7 — жылжымайтын білік.



Сурет-12.2. Түйістіргіштегі магниттік және ЭТ сызбасы

- а) Тұрақты кернеу ($f = 0$): $E_{\text{доп}} = \dots$ В;
 б) Ауыспалы кернеу ($f = 50$ Гц): $E_{\text{доп}} = \dots$ В.



Сурет-12.3. Электромагнитті құрылғы материалын магниттеу қисығы B (H)

Тобы _____ Оқушы _____ Күні _____

Оқытушы _____

4.5. Есептік-графиктік бөлім

$$\delta_{\text{в.р}} = 0, \Phi_{\text{max}} = 0 \dots \text{Вб};$$

$$\delta_{\text{в.р}} = 1 \text{ мм}, \Phi_{\text{max}} = 0 \dots \text{Вб}.$$

4.5. Жұмыс мақсаты _____

Оқушы _____ Оқытушы _____

5. Есептің есептік-графиктік бөлігіне арналған талаптар

5.1. Зертханалық зерттеулер деректеріне сәйкес, магниттік ағынның нақты мәнін $\delta_{в.р} = 0$ и $\delta_{в.р} = 1$ мм шартында есептеу.

5.2. Зертханалық-тәжірибелік жұмыс нәтижелері бойынша қысқаша қорытынды жасау.

Бақылау сұрақтары

1. Магнитті тізбекті, оның өлшемділігін сипаттайтын негізгі параметрлерді сипаттаңыз.
2. Электромагнитті индукция R құбылысын түсіндіріңіз.
3. Қандай материалдар жіңішке гистерезис тұзағынан тұрады?
4. Қандай магнитті материалдар жуан гистерезис тұзағынан тұрады?
5. Гистерезис тұзағы ауданын не бейнелейді?
6. Ауыспалы магниттік ағында құйынды ток шығынын қалай азайту керек?
7. Өзара индукция R қай жерде пайдаланылады?

ЭЛЕКТРОНИКА НЕГІЗДЕРІ

Зертханалық-тәжірибелік жұмыс №
13 (III қосымша, IV қосымша)

ЭЛЕКТРОНДЫ ӨЛШЕУ АППАРАТУРАСЫН ИГЕРУ

1. Жұмыс мақсаты

- 1.1. Негізгі электронды өлшеу аспаптарының құрылымдық сызбаларын игеру (сурет-13.1).
- 1.2. Электронды өлшеу аспаптарымен жұмыс істеу әдістерін игеру.

2. Объект және зерттеу құралы

Зерттеу объектісіне электронды осциллографты, вольтметрді, синусоидалды кернеу генераторын қосатын электронды өлшеу және жеткізуші аппаратура жинағы жатады.

Жұмыста электронды ОСУ-10 осциллографы пайдаланылады, ол келесідей негізгі сипаттарға ие:

- өткізу жолағы (жұмыс жиілігінің диапазоны) — 0... 10 МГц;
- максималды сезімталдық — 10 мВ/дел;
- жаймалау ұзақтығы — 0,1 мкс/дел. - 0,1 с/дел. аралығында;
- өлшеу қателігі — $\pm 4\%$; кірме кедергісі — 1 МОм.

Жұмыста пайдаланылатын ВЗ-40 вольтметрдің негізгі сипаттамалары:

- өлшенетін кернеулер диапазоны — 10^{-4} ... 10^2 В;
- өлшенетін жиіліктер диапазоны — от 20 Гц до 1 МГц;
- негізгі қателік — 6%; кірме кедергісі — 5 МОм.

Синусоидалды кернеулер генераторы ретінде ГЗ-131 аз жиілікті сигналдар генераторы қолданылуы мүмкін, ол келесідей негізгі сипаттарға ие:

жиілік диапазоны — 2 Гц-тен 2 МГц-ке дейін — алты қосымша диапазон көмегімен жабылады, жиілік біртіндеп өзгереді (бірінші қосымша диапазон — 2 - 20 Гц аралығында; екіншісі — 20 Гц - 200 Гц; үшіншісі — 200 Гц - 2 кГц; төртіншісі — 2 - 20 кГц; бесіншісі — 20 - 200 кГц аралығында; алтыншысы — 200 кГц - 2 МГц аралығында болады);

генератордың шығыс кернеуі кернеуді үшсатылы бөлгіштен алынады, ол 0 әлсіреуді қамтамасыз етеді, минус 20 және минус 40 дБ.

сигналдың біртіндеп әлсіреуі 20 дБ

құрайды; максималды шығыс кернеуі — 5

В;

жиілікті орнату қателігі — 1 %;

жүктеменің максималды кедергісі — 600 Ом.

Аспаптың бір түрін басқа ұқсас түрімен алмастыруға болады.

3. Зертханалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезеңінде орындалады:

3.1. № 13 зертханалық жұмысты орындау тәртібімен, аталған тақырып бойынша қысқаша теориялық деректермен танысу (IV бөлімді қараңыз). Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындаңыз.

3.2. 13.1-кестеге сәйкес, өз нұсқаңыз үшін 13.3-кестенің бірінші және екінші бағандарын (зерттеу протоколында № 8 нұсқа үшін кестені толтыру мысалы келтірілген).

Кесте-13.1

Нұсқа №	1	2	3	4	5	6	7	8
f, Гц	28	56	126	523	982	220	110	55
	5 860	4 860	6 750	2 260	3 880	6 820	5 240	3 680
U, В	0,184	0,232	0,386	0,482	0,546	0,166	0,323	0,28
	2,82	3,17	1,36	2,24	1,55	2,63	1,06	3,62

Зертханада орындалады:

3.3. Электронды аспаптарды «Желі» ауыстырып-қосқышымен қосу және 5 минут қыздыру. Стендке қорек көзін қосу, В3.1 ажыратқышын

«Қосу» режиміне ауыстыру (П.3-қосымшасындағы суретті қараңыз) және А және N қысымдарынан осциллографтың вертикалды кірмесіне белгі Y беру (сурет-13.2, а).

«Жарықтық», «Фокус», «Жоғарыға-төменге», «Солға-оңға», «Күшейту Y» тұтқаларын пайдалана отырып, экранның жұмыс бөлігіне белгі кескінін орнату. «Жаймалау ұзақтығы» және «Синхрондау» тұтқаларының көмегімен экранда ауытқудың екі-үш кезеңі бар белгінің тұрақты кескінін алу. Амплитуда және ұзақтық бойынша калибрлеуді пайдалана отырып, зерттелетін белгі мерзімін және амплитудасын өлшеу, белгі жиілігін және мәнін есептеу. Нәтижелерді 13.2-кестеге енгізу.

Электронды вольтметр көмегімен А и N қысымдарындағы кернеу мәнін өлшеу. Нәтижелерді 13.2-кестеге енгізу.

Осциллографтың горизонталды кірмесіне X генератор шығысынан белгі беру (сурет-13.2, а). Лиссажу фигурасы әдісін пайдаланып, А и N қысымынан алынатын белгі жиілігін өлшеу, нәтижені 13.2-кестенің төртінші бағанасына енгізу. Стендті қорек көзінен сөндіру.

3.4. Электронды өлшеу аппаратурасы жинағымен жұмыс істеу әдісін игеру мақсатында 13.2, б-суретте көрсетілген сызбаны жинау. Генератор шығысына кернеуді тізбекті орнату, оның мәні мен жиілігі 13.3-кестенің алғашқы екі бағанында көрсетілген. Осциллограф экранында зерттелетін ауытқулардың екі-үш кезеңінің тұрақты кескініне қол жеткізу.

13.3-кестеде осциллограф тұтқаларының қалпын көрсету:

«Күшейту Y»

және «Жаймалау ұзақтығы».

Генератор шығысында электронды вольтметр көмегімен белгілерді өлшеу.

Өлшеу нәтижелерін 13.3-кестенің алтыншы бағанасына енгізу, ал бесінші бағанаға белгіні өлшеу жүргізілген аспаптың диапазонын енгізу.




3.5. Зерттеу протоколын оқытушымен растау, одан кейін сызбаны таратып, аспаптарды сөндіріп, жұмыс орнын ретке келтіру.

4. Зерттеу протоколы және № 13 жұмыс есебі


Электронды өлшеу аппаратурасын игеру

4.1. Жұмыс мақсаты _____

4.2. Электронды аспаптардың құрылымдық сызбасы және кестелер



Сурет -13.1. Электронды өлшеу аспаптарының құрылымдық сызбасы: *a* — осциллограф; *б* — вольтметр; *в* — сигналдар генераторы; ЭСТ — электронды-сәулелік түтік; ТТК— тұрақты ток күшейткіші; АСТ — аналогты-сандық түрлендіргіш; СӨҚ — сандық өлшемдік құрылғы.



Сурет-13.2. Электронды өлшеу аспаптарын байланыстыру сызбасы: *а* — Лиссажу фигурасы бойынша желі жиілігін анықтау үшін; *б* - зерттелетін белгі шамасы мен жиілігін өлшеу үшін; ЗГ — жетекші генератор; ЭВ — электронды вольтметр

Кесте-13.2

Өлшеу параметрі	Өлшеу әдісі		
	Осциллографпен	Вольтметрмен	Лиссажу фигурасы бойынша
Кернеу U , В			—
Жиілік f , Гц		—	

Кесте-13.3

f , Гц	U , В	Осциллограф тұтқасының қалпы		Вольтметр ауыстырып-қосқышының қалпы «Өлшеу шегі»	Вольтметрмен өлшенген кернеу, В
		«Күшейту Y »	«Жаймалау ұзақтығы»		
55	0,28				
	3,62				
3680	0,28				
	3,62				

4.3. Қысқаша қорытынды _____

Тобы _____ Оқушы _____ Күні _____

Оқытушы _____

5. Есеп мазмұнына қойылатын талаптар

Дұрыс дайындалған зерттеу протоколы аталған тақырып бойынша сынақ тапсырудың негізі болып табылады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Электромеханикалық құралдармен салыстырғанда электронды өлшеу құралдарының негізгі артықшыларын атаңыз.
2. Осциллографтың жұмыс істеу қағидасын оның құрылымдық сызбасы бойынша түсіндіріңіз.
3. Вольтметрдің жұмыс істеу қағидасын оның құрылымдық сызбасы бойынша түсіндіріңіз.
4. Генератордың жұмыс істеу қағидасын оның құрылымдық сызбасы бойынша түсіндіріңіз.
5. Лиссажу фигурасы бойынша осциллограф экранында белгі жиілігі қалай анықталады?
6. Осциллограф көмегімен белгі амплитудасы қалай анықталады?

 Зертханалық-тәжірибелік жұмыстар № 14 (II, III, IV)

ТҮЗЕТКІШТЕР

1. Жұмыс мақсаты

1.1. Түзеткіштерді құру сызбасын және олардың жұмыс қағидасын игеру.

1.2. Түзеткіштердің негізгі параметрлерін өлшеу – тұрақты құрамдаушы, толысу коэффициентін және сыйымдылық сүзгісінің оларға әсері.

1.3. Түзеткіш кірісінде және шығысында кернеу осциллограммасын көзбен шолу арқылы қосымша зерттеу.

2. Объект және зерттеу құралы

Зерттеу объектісіне бірфазалы түзеткіштер жатады, олар бір жартылай периодты және екі жартылай периодты түзеткіштер сызбасы бойынша құрылады және стендтік панельдің № 6 тақтасында жиналған (П.6- қосымшасын қараңыз).

Бір жартылай периодты түзеткіш T_r күш трансформаторының w_2 екінші орамынан, D_1 шұрасынан (вентиль), C_f бәсеңдеткіш сүзгіден және R_n жүктемелік резистордан тұрады (сурет-14.1)

Екі жартылай периодты түзеткіш те осы элементтерден тұрады (шұрадан басқа), шұраның орнына төрт жартылай өткізгіш диодтар $D_2...D_5$ қолданылады. Белдік диагоналының бірі трансформатор орамына қосылады, екіншісін жүктемелік резистор қосылады (сурет-14.2).

Бір жартылай периодты түзеткішті екі жартылай түзеткіш сызбасына ауыстыру В6.1 орта жағдайдағы ауыстырып-қосқышты қамтамасыз етеді.

Түзеткіш зерттеулерін электронды амбебап вольтметр және осцилло-граф көмегімен орындайды, олар негізгі түзеткіш элементтерінде уақытша үрдістерді бақылауға мүмкіндік береді (кернеу осциллограммалары). Жүктемедегі тоқты қалқанды миллиамперметр көмегімен өлшейді.

3. Зертханалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезеңінде орындалады:

3.1. №14 зертханалық жұмысты орындау тәртібімен, аталған тақырып бойынша теориялық қысқаша деректермен танысу (IV бөлімін қараңыз). Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындау.

3.2. №13 жұмыстың теориялық қысқаша деректерімен, амбебап вольтметр сызбасымен және **қосымша** электронды осциллографпен танысу.

3.3. Негізгі үйлесім мәнін ($i_{осн}$) және түзеткіш сызбаларына арналған түзетілген кернеудің орташа мәнін ($U_{н.ср}$) анықтауға арналған шаманы протоколға жазу. Аталған мәндерді $U_2 = 20$ В и $f = 50$ Гц шартында есептеу.

Зертханада орындалады:

3.4. Электронды аспаптарды қосу және оларды 5 минут қыздыру.

3.5. В6.1 ауыстырып-қосқышын бейтарап күйге қою. *Бір жартылай периодты* түзеткіш сызбасын 14.1-суретке сәйкес жинау. Резистор қозғалтқышын R_H шеткі оң жақ орынға орналастыру, сағат тілі бойынша реттегіш тұтқасын айналдыру. Трансформатордың бірінші орамасын үшфазалы қорек көзінің А және N қысымдарына қосу.

3.6. Оқытушыға сызбаны тексерткеннен кейін, стендке қорек көзін беру. В6.1 ауыстырып-қосқышын «1» күйге ауыстыру.

Әмбебап вольтметр көмегімен «~U» режимінде трансформатордың екінші орамында w_2 синусоидалды кернеу мәнін U_2 өлшеу. Нәтижелерді зерттеу протоколына енгізу.

3.7. Әмбебап вольтметр көмегімен «~U» режимінде, I_H жүктемесінде түзетілген кернеудің негізгі үйлесім мәнін өлшеу $i_{осн}$ және «=U» режимінде түзетілген кернеудің орташа мәнін өлшеу (тұрақты құрамдаушы) ин.ср. Амперметр арқылы жүктеме тоғының мәнін анықтау. Нәтижені 14.1- кестеге енгізу («Сүзгісіз» графасына).

3.8. Жүктемелік резисторға I_H бәсеңдеткіш сүзгіні – Сф конденсаторды қосу және 3.7-бөлімде көрсетілген әрекеттерді I_H қозғалтқышының үш күйінде қайталау (орташа және екі шеткі). Нәтижелерді 14.1-кестеге енгізу («Сф сүзгімен» графасына). В6.1 ауыстырып-қосқышын бейтарап күйге ауыстыру.

3.9. осымша тапсырма. Бір жартылай периодты түзеткіштегі үрдістерді көзбен шолу үшін әмбебап вольтметрдің орнына осциллографаның кірмесін Y қосу. В6.1 ауыстырып-қосқышын «1» күйіне ауыстыру. Осциллограф экранында ауытқудың екі-үш кезеңі бар кескінді алу. 3.7 және 3.8-бөлімдерде көрсетілген әрекеттерді қайталау, R_H жүктемесіндегі кернеудің өзгеру сипатын бақылау (сүзгімен және сүзгісіз). Бақылау нәтижелерін қысқаша теориялық мәліметтердегі Т.23-суретінде келтірілген уақытша осциллограммалармен салыстыру

3.10. *Екі жартылай периодты* түзеткішті зерттеу үшін В6.1 ауыстырып-қосқышын «2» күйіне орнату. 3.7 және 3.8-бөлімдерде көрсетілген әрекеттерді қайталау. Нәтижелерді 14.2-кестеге енгізу.

3.11. осымша тапсырма. Екі жартылай периодты түзеткіштегі үрдістерді көзбен шолу үшін 3.9-бөлімдегі әрекеттерді қайталау.

Бақылау нәтижелерін қысқаша б теориялық мәліметтеріндегі Т.24-суретінде келтірілген уақытша осциллограммалармен салыстыру.

3.12.Зерттеу протоколын оқытушымен растау, одан кейін сызбаны таратып, аспаптарды сөндіріп,құрал-жабдықтарды лаборантқа тапсырып, жұмыс орнын ретке келтіру.

4. Зерттеу протоколы және № 14 жұмыс есебі

Түзеткіштер


4.1. Жұмыс мақсаты _____

4.2. Формулалар,алдын ала дайындалған есеп


4.1. а) $U_{\text{осн}} = U_2/2 = \dots$; $U_{\text{н.ср}} = 0,45 U_2 = \dots$;

б) $U_{\text{осн}} = 4 U_2/3\pi = \dots$; $U_{\text{н.ср}} = 0,9 U_2 = \dots$.

4.3. ЭТ сызбасы және кестелер



Сурет-14.1. Бір жартылай периоды түзеткішті зерттеуге арналған ЭТ сызбасы: ЭО — электронды осциллограф; ЭВ — электронды вольтметр



Сурет-14.2. Екі жартылай периодты түзеткішті зерттеуге арналған ЭТ сызбасы

Кесте -14.1

Жұмыс режимі		$U_{\text{осн}}', \text{В}$	$U_{\text{н.ср}}', \text{В}$	$I_{\text{н}}', \text{мА}$	$U_{\text{осн max}}', \text{В}$	p
Сүзгісіз						
Сүзгімен C_{ϕ} жүктемеде	R_{H1}					
	R_{H2}					
	R_{H3}					

Кесте -14.2

Жұмыс режимі		$U_{\text{осн}}', \text{В}$	$U_{\text{н.ср}}', \text{В}$	$I_{\text{н}}', \text{мА}$	$U_{\text{осн max}}', \text{В}$	p
Сүзгісіз						
Сүзгімен C_{ϕ} жүктемеде	R_{H1}					
	R_{H2}					
	R_{H3}					

Тобы _____ Оқушы _____ Күні _____
Оқытушы _____

4.4. Есептік-графиктік бөлім

$$U_{\text{осн max}} = \dots; p = U_{\text{осн max}} / U_{\text{н.ср}}$$

4.5. Жұмыс мақсаты _____

Оқушы _____ Оқытушы _____

5. Есептің есептік-графиктік бөліміне арналған талаптар

5.1. 14.1-кесте деректерінің негізінде бір жартылай түзеткіш сызбасында иосн тах негізгі үйлесім амплитудасын және түзетілген кернеудегі лүпіл коэффициентін p есептеу (сүзгімен және сүзгісіз). Нәтижелерді 14.1-кестенің тиісті бағаналарына енгізу.

5.2. 14.2-кесте деректерінің негізінде екі жартылай түзеткіш сызбасында иосн тах негізгі үйлесім амплитудасын және түзетілген кернеудегі лүпіл коэффициентін p есептеу (сүзгімен және сүзгісіз). Нәтижелерді 14.2 кестенің тиісті бағаналарына енгізу.

5.3. Жұмыс бойынша қысқаша қорытынды жасау.

Бақылау сұрақтары

1. Түзеткіш құрамына қандай элементтер кіреді?
2. Бір жартылай периодты түзеткіш сызбасын сызыңыз және оның жұмыс қағидасын түсіндіріңіз.
3. Екі жартылай периодты түзеткіш сызбасын сызыңыз және оның жұмыс қағидасын түсіндіріңіз.
4. Түзеткіштің негізгі параметрлерін атаңыз және сипаттаңыз.
5. Сүзгінің қолданылу мақсатын көрсетіңіз. Сүзгінің негізгі түрлерін және жұмыс қағидасын атаңыз.
6. Түзеткішке арналған диодтар таңдауын анықтаушы негізгі параметрлерді атаңыз.

ЕКІКАСКАДТЫ ЖАРТЫЛАЙ ӨТКІЗГІШТІ КҮШЕЙТКІШ

1. Жұмыс мақсаты

1.1. Электрлік сызбаны және күшейткіштің жұмыс істеу қағидасын игеру.

1.2. Күшейткіштің негізгі параметрлерін және сипаттарын және олардың кері байланысқа әсерін игеру (күшейткіш коэффициенті, амплитудалық және амплитудалық жиілікті сипаттамалар).

2. Объект және зерттеу құралы

Зерттеу объектісіне екікасадты транзисторлы күшейткіш жатады, ол стенд панелінің №7 тақтасында жиналады (П.7-қосымшадағы суретті қараңыз). Бірінші каскад Т1 транзисторында жиналған, ол жалпы *эмиттер сызбасы* бойынша қосылады, екіншісі Т2 транзисторында жалпы *коллектор сызбасы* бойынша қосылады (эмиттерлі қайталағыш).

Күшейткіштің қағидалы электрлік сызбасы 15.1-суретте көрсетілген, мұндағы $R_{огр}$ -күшейткіш кірмесіндегі шектеуші резистор; R_K — Т1 транзисторының коллектор тізбегіндегі резисторы (коллекторлы жүктеме); $R_{э1}$ — Т1 тоғы бойынша кері байланыс рөлін атқаратын эмиттер тізбегіндегі резистор; $R_{б1}$ және $R_{б2}$ — жүктеменің сызықтық бөлігіндегі Т1 арналған жұмыс нүктесін бекітуші базалық бөлгіш; $R_{э2}$ — Т2 транзисторының эмиттері тізбегіндегі резистор (эмиттерлі жүктеме); C_{p1} , C_{p2} — бөлгіш конденсаторлар; $KT1$, $KT2$, $KT3$ — бақылау нүктелері; $C_э$ — В7.1 тұйықталуынд ауыспалы құрамдаушы бойынша кері байланысты болғызбайтын конденсатор; R_H — жүктемелі резистор (жүктеменің кедергісі).

Корпуска қатысты кіру белгісі $R_{ог}$ -ға беріледі, шығу белгісі R_H -дан алынады. Сызбаны қоректендіру тұрақты 5 В кернеумен В7.2 ажыратқышының көмегімен жүзеге асырылады. Қорек көзін беру сигналды шаммен бақыланады.

3. Зертханалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезеңінде орындалады:

3.1. №15 зертханалық жұмыстың орындалу тәртібімен, аталған тақырып бойынша қысқаша теориялық деректермен танысу (IV бөлімді қараңыз). Зерттеу протоколын жұмыс дәптеріне дайындау.

3.2. 15.1-суретке сәйкес, өз нұсқаңыз үшін сызықтық зонадағы жұмысты қамтамасыз етуші күшейткіш кірмесіндегі белгінің максималды мәнін қорек көзінің ЭҚК $E_K = 5$ В шартында есептеу $u_{вх\ max}$.

3.3. Шығыс белгісінің $i_{вх\ max}$ максималды амплитудасы (пайыздарда) E_K және күшейткіш коэффициенті K 15.1-кестеде көрсетілген. Нәтижелерді

Кесте - 15.1

Нұсқа №	1	2	3	4	5	6	7	8
$u_{\%}$ $вх\ max$	20	25	30	35	20	25	30	35
K	5	4	3	5	4	3	6	8

Зертханада орындалады:

3.4. 15.2-суретте келтірілген сызбаны жинау. Д белгісімен белгіленген аспаптар мен күшейткіштің корпусық қысқыштары өзара байланысуы керек.

Электронды аспаптарды қосу және 5 минут қыздырғаннан кейін, генератор шығысына $f = 2000$ Гц жиілігіндегі $i_{вх} = 0,05$ В кернеуін орнату. Күшейткішті қосу, 15.1-суретте көрсетілген сигналды шамы жануы керек.

Осциллограф көмегімен күшейткіш шығысындағы белгінің бар екендігіне көз жеткізу. Осциллограф экранында шығыс белгісі ауытқуының екі-үш кезеңі бар кескінді орнату. КТ1, КТ2 және КТ3 бақылау нүктелеріндегі белгілер шамасын және формасын бақылау.

3.5. Каскадтар мен күшейткіштердің күшею коэффициентін анықтау, КТ1 бақылау нүктесінде белгінің $i_{вх} = 0,05$ В мәнін $f = 2000$ Гц жиілігінде орнату. Электронды вольтметр көмегімен КТ2, КТ3 бақылау нүктелеріндегі кернеуді В7.1 ауыстырып-қосқышының екі күйінде өлшеу (сүзгімен және сүзгісіз). Өлшеу нәтижелерін 15.2-кестенің тиісті графаларына енгізу.

3.6. Күшейткіштің амплитудалық сипаттамасын $f = 2000$ Гц тұрақты жиілігінде алу. Ол үшін күшейткіш кірмесіндегі кернеуді 0 ден 0,3 Вт дейін өзгерту арқылы (6...8 мәндері), вольтметр көмегімен күшейткіш шығысындағы белгіні В7.1 ауыстырып-қосқышының екі күйінде өлшеу(сүзгімен және сүзгісіз). Өлшеу нәтижелерін 15.3-кестеге енгізу.

3.7. Зерттеу протоколын оқытушымен растағаннан кейін, ЭТ тоқсыздандырып, сымдар мен аспаптарды зертханашыға өткізу, жұмыс орнын ретке келтіру.

3.8. осымша тапсырма. Күшейткіштің амплитудалық сипаттамасын $K(f)$ кірмедегі $и_{вх} = 0,05$ В тұрақты кернеуде алу. Ол үшін генератордың кірмесіндегі белгі жиілігін 20 Гц-200 кГц (6s8 мән)аралығында өзгерту арқылы күшейткіш шығысындағы кернеуді В7.1 ауыстырып-қосқышының екі күйінде өлшеу. Нәтижелерді 15.4-кестеге енгізу.


Е с к е р у. Электрондывольтметрлі мультиметрмен алмастыры, күшейткіштің жиілік сипаттамасын осциллограф көмегімен алу, «Күшейту» калибрлеуін пайдалану. Бұл мультим трдің шектеуліжиілік диапазонының болуымен түсіндіріледі.

4. Зерттеу протоколы және № 15 жұмыс есебі


Екікаскадты жартылай өткізгішті күшейткіш

4.1. Жұмыс мақсаты _____

4.2. Формулалар,алдын ала жасалған есеп



Сурет-15.1. Кернеуді күшейткіштің қағидалы электрлік тізбек сызбасы



Сурет-15.2. Күшейткішті зерттеуге арналған сызба

Кесте-15.2

Күшейткіштің жұмыс істеу режимі	$U_{KT1'}$ В	$U_{KT2'}$ В	$U_{KT3'}$ В
Сүзгімен			
Сүзгісіз			

Кесте-15.3

Тәжірибе №	1	2	3	4	5	6	7	8
ивх, В	0	0,025	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3
ивых, В, Сүзгімен								
ивых, В, Сүзгісіз								

Кесте-15.4

Тәжірибе №	1	2	3	4	5	6	7	8
f , кГц					50		150	
ивых, В, Сүзгімен								
ивых, В, Сүзгісіз								

Тобы _____ Оқушы _____ Күні _____

Оқытушы _____

4.4. Есептік-графиктік бөлім

Пайдаланылатын формулалар:

$$K_1 = U_{KT2} / U_{KT1};$$

$$K_2 = U_{KT3} / U_{KT2};$$


$$K = U_{KT3} / U_{KT1} = U_{\text{вых}} / U_{\text{вх}}$$

Кесте-15.5


Күшейткіштің жұмыс істеу режимі	K	K_2	KK	K
Сүзгімен				
Сүзгісіз				

Кесте-15.6

Тәжірибе №	1	2	3	4	5	6	7	8
f , кГц	0,02	0,1	2	10	50	100	150	200
K Сүзгімен								
K Сүзгісіз								



Сурет-15.3. Күшейткіштің амплитудалық сипаттамасы



Сурет-15.4. Күшейткіштің амплитудалық-жиілікті сипаттамасы

4.5. Жұмыс мақсаты _____

Оқушы _____ Оқытушы _____

5. Есепті есептік-графиктік бөліміне арналған талаптар

5.1. 15.2-кестенің деректеріне сәйкес, әрбір каскад және күшейткіш үшін күшейту коэффициентін есептеу, нәтижелерді 15.5 -кестеге енгізу.

5.2. 15.3-кестенің деректеріне сәйкес, 15.3-суретте күшейткіштің $K_{\text{ИВХ}}$ амплитудалық сипаттамасын кері байланыспен және кері байланыссыз құру. Алынған графиктер негізінде күшейткіштің сызықтық жұмысының диапазонын және күшейткіш коэффициентін анықтау.

5.3. Қосымша тапсырма. 15.4-кестенің деректеріне сәйкес, күшейткіштің күшею коэффициентін кері байланыспен және кері байланыссыз есептеу. Нәтижелерді 15.6-кестеге енгізу. Есептеу нәтижелерінің негізінде 15.4- суреттің координаталар жүйесінде күшейткіштің тәуелділіктерін $K(f)$ кері байланыспен және кері байланыссыз құру. Абсцисса осіндегі жиіліктерді логарифмдік масштабқа қалдыру. $K_B = K_H = 0,7K_0$ үшін өткізу жолдарының төменгі және жоғарғы шектерін және $D/ = f - f$ анықтау.

5.4. Жұмыс бойынша қысқаша қорытынды жасау.

Бақылау сұрақтары:

1. Транзисторлық күшейткіш құрамына қандай элементтер кіреді?
2. 15.1-суретте көрсетілген сызбадағы элементтердің қолданылу мақсатын, күшейткіш жұмысының қағидасын түсіндіріңіз.
3. Транзистордың вольт-амперлік сипаттамасын салыңыз.
4. Күшейткіштің негізгі параметрлері мен сипатын атаңыз.
5. Күшейткіштің күшею коэффициентін қалай арттырады?
6. Күшейткіштегі кері байланыс дегеніміз не және ол сипаттамаға қалай әсер етеді?
7. Көпкаскадты күшейткіштегі каскадаралық байланыстар түрін атаңыз.
8. Тұрақты ток күшейткішінде қандай байланыс түрі қолданылады?
9. Күшейткіштің өткізу жолы дегеніміз не және ол қалай анықталады?
10. Күшейткіштегі оңтайлы кері байланысты пайдалану неге алып келеді?

Зертханалық-тәжірибелік жұмыс № 16 (IV доп.) Тұрақты кернеу тұрақтандырғыштары

1. Жұмыс мақсаты

1.1. Кернеу тұрақтандырғыштарының сызбасын және олардың жұмыс істеу қағидасын игеру.

1.2. Параметрлік және өтемақылық тұрақтандырғыштарға зерттеу жүргізу.

2. Объект және зерттеу құралы

Зерттеу объектісіне тұрақты ток кернеуіндегі параметрлік және өтемақылық тұрақтандырғыштары жатады, олар стендік панельдің №8 тақтасында жиналады (П.8-қосымшасындағы суретті қараңыз).

Параметрлік тұрақтандырғыш (сурет-16.1) жартылай өткізгішті Д стабилитрон және R_6 балластық резистордан тұрады. R_H жүктемелік резистор стабилитронға параллельді қосылады және I_H жүктеу тоғының тұрақтандырғыштың ивых шығыс кернеуіне әсерін анықтайды.

Өтемақылық тұрақтандырғыш (сурет-16.2) реттейтін құрылғыдан тұрады, оның рөлін Т транзисторы және параметрлік тұрақтандырғыш пен операциондық күшейткіштен (ОК) тұратын басқарушы құрылғысы орындайды. Күшейткіш кірмесін екі белгі беріледі: кері байланыс белгісі – тұрақтандырғыштың шығыс белгісінің бөлігі (R_1 , R_2 резисторлары) және Д стабилитронның тіректік белгісі. Күшейткіш шығысы реттейтін құрылғы кірмесіне Т транзисторының базасында қосылады.

Тұрақтандырғыш кірмесіндегі кернеуді R_{k2} ауыспалы резистор көмегімен реттеуге болады, ол $U = 0...20$ В тұрақты кернеудегі реттелетін қорек көзіне қосылады (П.3-қосымшасындағы суретті қараңыз).

Тұрақтандырғыштың кірмесіндегі және шығысындағы кернеуді өлшеу электронды вольтметр көмегімен тұрақты кернеуді өлшеу режимінде орындалады.

3. Зертханалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезеңінде орындалады:

3.1. №16 зертханалық жұмысты орындау тәртібімен, аталған тақырып бойынша қысқаша теориялық деректермен танусы (IV бөлімді қараңыз). Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындау.

3.2. 16.1-кестенің деректерінің негізінде өз нұсқаңыз үшін параметрлік тұрақтандырғышты есептеу, R_6 балласттық резистор кедергісін және $I_{ст\ max}$ тұрақтандырғыш арқылы токтың максималды мәнін есептеу. Есептеу нәтижелерін зерттеу протоколына енгізу. $U_{BK} = \pm 10\%$ өлшемін қабылдау.

Зертханада орындалады:

Параметрлік тұрақтандырғышты зерттеу

3.3. ЭТ-ті R_k жүктемесі резисторының кедергісін бермей, 16.1-суретке сәйкес жинау (бос жүріс). Электронды вольтметрді қосу және оны 5 минут бойы қыздыру.

3.4. Сызбаны оқытушыға тексергеннен кейін, стандарті қорек көзіне қосу, тиісті сигналды шам жануы керек.

3.5. Тұрақтандырғыштың кірмесі мен шығысына ($U_{BK} = U_{нест}$)

кезекпен вольтметрді қосу арқылы ($U_{\text{ВЫХ}} = U_{\text{СТ}}$ — тұрақсыз кернеу), R_{H2} резисторының көмегімен тұрақтандырғыш кірмесіндегі кернеуді өзгерту арқылы бос жүрістегі $U_{\text{ВЫХ}} = f(U_{\text{ВХ}})$ тәуелділікті алу. Өлшеу нәтижелерін 16.2-кестеге енгізу.

3.6. ЭТ токсыздандыру және амперметрді (А) R_{k1} резисторымен тізбекті қосу. Электрлік қорек көзін беру және $U_{\text{ВХ}} = 20$ В орнату. Тұрақтандырғыштың шығыс кернеуіндегі тәуелділікті $U_{\text{ВЫХ}} = I/(4)$ жүктемесінің тоғынан алу. Ол үшін R_{k1} резистор кедергісін өзгертіп, I_H тоқты және $U_{\text{ВЫХ}}$ жүктемедегі кернеуді өлшеу керек. Өлшеу нәтижелерін 16.3-кестеге енгізу. ЭТ токсыздандыру.

Өтемақыллық тұрақтандырғышты зерттеу

3.7. ЭТ-ті R_k жүктемесі резисторының кедергісін бермей, 16.2-суретке сәйкес жинау (бос жүріс). Сызбаны оқытушыға тексертеннен кейін, стендті қорек көзіне қосу, тиісті сигналды шам жануы керек.

3.8. 3.5-пунктте сипатталған әрекеттер бойынша $U_{\text{ВЫХ}} = f(U_{\text{ВХ}})$ тәуелділігін алу.

3.9. Қорек көзін сөндіру және амперметрді (А) R_{k1} резисторымен тізбекті қосу. Электрлік қорек көзін беру және $U_{\text{ВХ}} = 20$ В орнату. 3.6 пункте сипатталған әрекеттер бойынша $U_{\text{ВЫХ}} = I/(I_H)$ тәуелділігін алу. Өлшеу нәтижелерін 16.5-кестеге енгізу..

3.10. Қорек көзін сөндіру, зерттеу протоколын оқытушымен растау, ЭТ токсыздандыру.

4. Зерттеу протоколы және № 16 жұмыс есебі

Тұрақты кернеу тұрақтандырғыштары

4.1. Жұмыс мақсаты _____

4.2. Формулалар, алдын ала жасалған есеп

Кесте - 16.1


Нұсқа №	1	2	3	4	5	6	7	8
U_W В	24	12	36	12	24	36	12	36
$U_{\text{ВЫХ}}$, В	8	5,6	15	6,8	13	22	8,2	27
4, мА	50	400	100	400	50	100	400	100

Нұсқа №... : $U_{\text{BX}} = \dots \pm \dots$; $U_{\text{ВЫХ}} = \dots$; $I_{\text{H}} = \dots$;

$$R_6 = (U_{\text{BX min}} - U_{\text{ВЫХ}}) / I_{\text{H}} ; I_{\text{CT max}} = (U_{\text{BX max}} - U_{\text{ВЫХ}}) / R_6 - I_{\text{H}} ;$$

$$R_6 = \dots ; I_{\text{CT max}} = \dots .$$

4.3 ЭТ сызбасы және кестелер




Сурет-16.1. Кернеудің параметрлік тұрақтандырғыштарын зерттеуге арналған ЭТ сызбасы

Кесте-16.2

№ опыта	1	2	3	4	5	6
$U_{\text{ВХ}}, \text{ В}$						
$U_{\text{ВЫХ}}, \text{ В}$						

Кесте-16.3

№ опыта	1	2	3	4	5	6
$I_{\text{Н}}, \text{ мА}$						
$U_{\text{ВЫХ}}, \text{ В}$						



Сурет-16.2. Кернеудің өтемақылқ тұрақтандырғыштарын зерттеуге арналған ЭТ сызбасы

Кесте-16.4



	1	2	3	4	5	6
$U_{\text{ВХ}}, \text{ В}$						
$U_{\text{ВЫХ}}, \text{ В}$						

Кесте-16.5

	1	2	3	4	5	6
$I_{\text{H}}, \text{ мА}$						
$U_{\text{ВЫХ}}, \text{ В}$						

Тобы _____ Оқушы _____ Күні _____
 Оқытушы _____

4.4. Есептік-графиктік бөлім



Сурет-16.3. Тұрақтандырғыштың шығыс кернеуінің тәуелділігі:
 а — кірме кернеуіне; б — жүктеме тоғына

$$K_{\text{CT1}} = (\Delta U_{\text{ВХ}} / U_{\text{ВХ.НОМ}}) / (\Delta U_{\text{ВЫХ}} / U_{\text{ВЫХ.НОМ}});$$

$$K_{\text{CT2}} = (\Delta I_{\text{H}} / I_{\text{H.НОМ}}) / (\Delta U_{\text{ВЫХ}} / U_{\text{ВЫХ.НОМ}}).$$

Кесте-16.6

Параметрлік тұрақтандырғыш		Өтемақалық тұрақтандырғыш	
K_{CT1}	K_{CT2}	K_{CT1}	K_{CT2}

4.5. Жұмыс мақсаты _____

Оқушы _____ Оқытушы _____

5. Есептің есептік-графиктік бөліміне арналған талаптар

5.1. 16.2 және 16.3-кестесінің деректеріне сәйкес параметрлік тұрақтандырғыш үшін 16.3, *a* және 16.3, *б*-суретте $i_{ВЫХ} = i(i_{ВХ})$ и $i_{ВЫХ} = i(4)$ тәуелділіктерін құру. Графиктерде тұрақты шығыс кернеуі туралы сипаттамаларды белгілеу.

5.2. 16.4 және 16.5-кесте деректеріне сәйкес өтемақылық тұрақтандырғыш үшін 16.3, *a* және 16.3, *б* -суретте $i_{ВЫХ} = i(i_{ВХ})$ и $i_{ВЫХ} = i(1_H)$ тәуелділіктерін құру. Графиктерде тұрақты шығыс кернеуі туралы сипаттамаларды белгілеу.

5.3. Алынған бөліктер үшін $K_{СТ1}$ и $K_{СТ}$ тұрақтандыру коэффициенттерін анықтау. Кернеудің номиналды шамасын ($i_{ВХ-НОМ}$, $i_{ВЫХ-НОМ}$) және тоқты ($1_H-НОМ$) есептеуде тұрақтандыру зонасының ортасындағы мәндерді қабылдау. Нәтижелерді 16.6-кестеге енгізу.

5.4. Зерттеу және есеп нәтижелері бойынша қысқаша қорытынды жасау.

Бақылау сұрақтары:

1. Кернеу тұрақтандырғышының қандай түрлері техникада қолданылады?
2. Кернеу тұрақтандырғышының негізгі сипаттарын атаңыз.
3. Параметрлік тұрақтандырғыш сызбасын салыңыз және оның негізгі элементтерін атаңыз.
4. Параметрлік тұрақтандырғыштың әрекет ету қағидасын түсіндіріңіз.
5. Өтемақылық тұрақтандырғыштың негізгі элементтерін атаңыз.

ЭЛЕКТРЛІК МАШИНАЛАР

Зертханалық-тәжірибелік жұмыс № 17 (II, III, IV)

БІРФАЗАЛЫ ТРАНСФОРМАТОР

1. Жұмыс мақсаты

- 1.1. Трансформатор құрылымын игеру.
- 1.2. Трансформатордың негізгі параметрлерін анықтау.
- 1.3. Трансформатордың сыртқы сипатын түсіру.

2. Объект және зерттеу құралдары

Зерттеу объектісіне орама шеттері қысымға шығарылған бірфазалы үшорамды трансформаторлар жатады, олан стендтік панельдің №6 тақтасында орналасқан (П.6 қосымшасын қараңыз). Трансформатордың орамалары істікшелері бар сымдар көмегімен өлшеу аспаптары арқылы қорек көзіне және жүктемеге қосылуы мүмкін. Трансформатордың қорек көзі сызықтық кернеумен жүзеге асырылады, бұл кернеу үшфазалы қорек көзінің A және B қысымдарынан алынады (П.3 қосымшасындағы суретті қараңыз). Өлшеу аспаптарына ауыспалы тоқтағы қалқанды аспаптар жатады, жүктеме ретінде сол тақтада орналасқан L_n ауыспалы резисторы рөл атқарады.

3. Зертханалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезеңінде орындалады:

3.1. №17 зертханалық жұмыс тәртібімен, аталған тақырып бойынша қысқаша теориялық деректермен танысу (IV бөлімін қараңыз). Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындаңыз.

3.2. 17.1-кесте деректеріне сәйкес, өз нұсқаңыз үшін алғашқы және екінші орамаларындағы айналым санын, трансформациR коэффициентін, магнитті ағынның максималды мәнін есептеу. Формулалар мен есептеу нәтижелерін зерттеу протоколына енгізу.

Кесте-17.1

Нұсқа №	1	2	3	4	5	6	7	8
$U_1, \text{В}$	100	50	100	100	200	60	100	100
$U_2, \text{В}$	10	150	100	150	100	150	200	50
$U_{\text{доп}}, \text{В}$	1	5	2	5	10	3	10	1
$w_{\text{доп}}$	10	20	5	10	15	5	20	10

Зертханада орындалады:

3.3. ДемонстрациРлық материал көмегімен трансформатор құрылымымен танысу, зерттеу үрдісінде қолданылатын өлшеу құралдарын анықтау.

Зерттеу протоколына трансформатордың төлқұжаттық деректерін енгізу.

3.4. Номиналды кернеуде бірінші орамада бос жүріс тәжірибесін жүргізу. Ол үшін сызбаны 17.1-суретке сәйкес жинау.

Сызбаны оқытушыға тексерткеннен кейін, бірінші орамаға кернеу беру және барлық аспаптар көрсеткішін алу. Өлшек деректерін 17.2-кестеге енгізу.

3.5. Трансформатордың $U_2(I_2)$ сыртқы сипаттамасын алу, одан кейін 17.2-суретке сәйкес сызбаны жинау.

Сызбаны оқытушыға тексерткеннен кейін, бірінші орамаға кернеу беру және жүктемені 0 - ден 1,21-ге дейін өзгертіп, 5...6 нүктелер үшін аспап көрсеткіштерін түсіру. Өлшеу деректерін 17.3 кестеге енгізу.

3.6. Зерттеу протоколын оқытушымен растаған соң, ЭТ тоқсыздандырып, сымдар мен аспаптарды зертханашыға өткізу, жұмыс орнын реттеу.

4. Зерттеу протоколы және № 17 жұмыс есебі Бірфазалы трансформатор

4.1. Жұмыс мақсаты _____

4.2. Формулалар, алдын ала жасалған есеп


Нұсқа № ... : $U_1 = \dots$; $U_2 = \dots$; $U_{\text{доп}} = \dots$; $w_{\text{доп}} = \dots$;

$w_1 = \dots$; $w_2 = \dots$; $K_{21} = \dots$; $\Phi_{\text{max}} = \dots$.

Трансформатордың төлқұжаттық деректері:

Түрі.....
Бірінші орамадағы кернеу U_1
Жүктеменің номиналды тоғы $I_{\text{ном}}$
Қосымша орамадағы айналымдар саны ждоп
Біліктің қиысу ауданы S


4.1. ЭТ сызбасы және кестелер



Сурет -17. 1. Трансформатордың бос жүрісін тәжірибе жасауға арналған ЭТ сызбасы

Кесте-17.2

U_1 , В	U_2 , В	$U_{\text{доп}}$, В	$w_{\text{доп}}$	$I_{x.x}$, мА	$P_{x.x}$, Вт	w_1	w_2	K_{21}	Φ_{max} , Вб



Сурет-17.2. Трансформатордың сыртқы сипатын алуға арналған ЭТ сызбасы


Кесте-17.3

Тәжірибе №	1	2	3	4	5	6
U_H , В						
I_H , мА						

Тобы _____ Оқушы _____ Күні _____
Оқытушы _____

4.4. Есептік-графиктік бөлім : Пайдаланылатын заңдар мен формулалар:

$$w_1 = w_{\text{доп}} U_1 / U_{\text{доп}} = \dots ; w_2 = \dots ; K_{21} = \dots ; \Phi_{\text{маг}} = \dots$$



Сурет-17.3. Трансформатордың сыртқы сипаты

4.5. Жұмыс мақсаты _____

Оқушы _____

Оқытушы _____

5. Есепті есептік-графиктік бөліміне арналған талаптар

5.1. 17.2-кестесі деректерінің негізінде бірінші және екінші орамадағы айналымдар санын, трансформация коэффициентін және магнитті ағынның максималды мәнін есептеу. Нәтижелерді 17.2-кестеге енгізу.

5.2. 17.3-кестесі деректерінің негізінде 17.3-суретте сыртқы сипатты құру және номиналды жүктемеде кернеудің өзгеруін (пайыздарда) анықтау.

5.3. Жұмыс бойынша қысқаша қорытынды жасау.

Бақылау сұрақтары:

1. Трансформатор жұмысының негізіне қандай қағида кіреді?
2. Трансформатор қандай негізгі бөліктерден тұрады?
3. Трансформатор білдегі қандай материалдан жасалады?
4. Неге трансформатор білдегі бір—бірінен электрлік оқшауланған жұқа пластиналардан жасалады?
5. Трансформация коэффициенті деген не және ол қалай анықталады?
6. Арттыру (азайту) трансформаторы дегеніміз не?
7. Трансформатордың сыртқы сипаты дегеніміз не?
8. Номиналды жұмыс істеуде трансформатордағы негізгі шығындарды атаңыз.
9. Трансформатордың пайдалы әрекетіне арналған коэффициент мәнін анықтаңыз.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыс № 18 (II, III, IV)

ТҰРАҚТЫ ТОҚ ГЕНЕРАТОРЫ

1. Жұмыс мақсаты

- 1.1. Тұрақты тоқтағы машина құрылымын игеру.
- 1.2. Қозғалтқыш-генератор жүйесін қосуды үйрену.

1.3. Генератордың бос жүрісінің сипаттамасын алу.

1.4. Генератордың сыртқы сипаттамасын алу.

2. Объект және зерттеу құралдары

Зерттеу объектісіне параллельді қоздырылған, генератор режимінде жұмыс істейтін тұрақты тоқ машинасы жатады.

Оның жетегінде асинхронды қысқа тұйықталған роторы бар электр қозғалтқышы жатады. Қозғалтқышты қосу статор орамасына тікелей кернеу беру арқылы орындалады.

КоммутациR құрылғысы және электр машиналарын басқару құрылғылары стендтік панельдің №9 тақтасында орналасқан (П.9- қосымшасын қараңыз). Ол электрлік машиналар орналасқан платформасы бар арнайы кабель арқылы байланысады. Тақтада айналу жиілігі тетігінің (тахогенератор) қысқыштары, В9.4 ажыратқышымен қосылатын генераторға арналған жүктеу резисторлары, тұрақты және ауыспалы тоқ сақтандырғыштары сиRқты қорғау құралдары, ЭТ-не қорек көзін беру белгісін көрсететін шамдар орналасады.

3. Зертханалық жұмыс тапсырмасы

Жұмысқа дайындық кезеңінде орындалады:

3.1. № 18 зертханалық жұмыстың орындалу тәртібімен, аталған тақырып бойынша қысқаша теориRлық деректермен танысу (IV бөлімді қараңыз). Жұмыс дәптеріне зерттеу протоколын дайындау.

3.2. 18.1-кесте деректеріне сәйкес, өз нұсқаңыз үшін бірінші жуықтауда генератор ЭҚК есептеу. Формулаларды, зерттеу нәтижелерін зерттеу протоколына жазу.

Кесте-18.1

Нұсқа №	1	2	3	4	5	6	7	8
Се	33,3	33,3	66,6	16,65	16,65	66,6	33,3	16,65
n, об/мин	3 000	1 500	1 500	1 500	3 000	750	1 000	2 000
Ф, Вб	10^{-3}	10^{-3}	10^{-3}	$2 \cdot 10^{-3}$	$2 \cdot 10^{-3}$	10^{-3}	$3 \cdot 10^{-3}$	$3 \cdot 10^{-3}$

Зертханада орындалады:

3.3. Демонстрациялық макет көмегімен тұрақты тоқтағы машина құрылымымен танысу, коммутациялық сызбасын және қозғалтқыш-генератор жүйесін басқару сызбасын игеру, қолданылатын өлшеу аспаптарын анықтау.

Зерттеу протоколына жетек қозғалтқышы мен генераторының төлқұжаттық деректерін енгізу.

3.4. Қозғалтқыш-генератор жүйесін келесі кезектілікте іске қосуды жүзеге асыру:

3.4.1. 18.1-суретте көрсетілген сызбаны жинау, тиісті кабельмен стенд жалғағышын және электрлік машиналармен платформаларды байланыстыру. Істікшелі сымдар көмегімен машинаны сызбаға қосу. Асинхронды қозғалтқыштың статорлы орамаларын «жұлдыз» сызбасы бойынша байланыстыру, С4, С5, С6 фазаларының ұштарын жалғау, ал С1, С2, С3 фазаларының бастарын А, В, С сызықтық сымдарына қосу.

Электрлік машиналар орамаларына қалқанды өлшеу аспаптарын 18.1-суретке сәйкес қосу.

В9.1, В9.2, В9.4 ажыратқыштарын (П.9-қосымшасындағы сурет) өшіру, В9.3 ажыратып қосқышын бейтарап күйге ауыстыру, оталдыру тізбегіндегі R_B резисторының кедергісін толығымен енгізу («Рет.7в» тұтқасын сағат тілі бойынша бұру арқылы).

3.4.2. Сызбаны оқытушыға тексерту.

3.4.3. Стендтің қорек көзін В3.1 ажыратқышын «Қосу» режиміне ауыстыру арқылы қосу (П.3-суретін қараңыз) және В9.1 ажыратқышын

